



## ҮКІМЕТКЕ ЖАҢА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ



Осы сейсенбіде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтіп, оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев онлайн режимінде қатысты. Алқалы отырыста Қазақстанның өткен жылғы жетістіктері мен кемшіліктері ортаға салынып, биылғы жылда атқарылатын жұмыстар ауқымы белгілі болды. Жиында алдымен сөз алған Премьер-Министр Асқар Мәминнің айтуынша, өткен жылы экономиканың дамуы, жұмыспен қамту және тұрғындар табысын қолдау бойынша көрсеткіштер Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қостанай және Шымкент пен Нұр-Сұлтан қалаларында жоғары болды. Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қалаларының өнеркәсіптік өңдеу салаларында өсудің жоғары қарқыны байқалды.

(Соңы 3-бетте)

### ТӘУЕЛСІЗ АДВОКАТТАР ТӘУЕЛДІ БОЛМАҚ



2-бет

### ХАЛЫҚ ҚОЛДАМАҒАН РЕФОРМАНЫҢ ҒҰМЫРЫ ҚЫСҚА



4-бет

### МАХАББАТ ҚҰРБАНЫ



8-бет

### АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

Ләззат КЕНДЕБАЙҚЫЗЫ,  
адвокат:

## «БҰРЫНҒЫ ӘКІМГЕ ҚАТЫСТЫ ІСТЕ ДӘЛЕЛ ЖОҚ»

– Өткен жылдың аяғында, яғни желтоқсан айында сот үкімі шыққан Қызылорда облысының экс-әкімі Қуанышбек Ысқақовтың ісі қоғамда резонанс тудырғаны белгілі. Тағылған айып жеңіл емес. Осы іске Ысқақовтың қорғаушыларының бірі ретінде не айтасыз?  
– Желтоқсан айының басында Қызылорданың экс-әкімі Қ.Ысқақов пен орынбасарларына сот үкімі шықты. Экс-әкім қазіргі кезде Қылмыстық кодекстің «сәнге» айналған 190-бабының 2-бөлімінің 4-бөлігімен, яғни алаяқтық бабымен 7 жылға сотталды. 8 баланың әкесі, білікті маман, ауған соғысының ардагері, ел азаматы Қ.Ысқақовқа тағылған айып – 80 млн теңгені жымқырды-мыс. Мәселенің мәнін ашу үшін 80 миллионның қайдан шыққанына тоқталайын. Былтырғы Арыстағы апатты бәріміз білеміз. Соған орай аймақтағы мекемелердегі жұмыскерлердің бір күндік жалақысын аудару туралы сол кездегі облыс әкімінің 2019 жылдың 25 маусымдағы бұйрығы шығады. 25 маусымда, яғни аталған бұйрық шыққан кезде Қ.Ысқақов облыс әкімі емес, оның орынбасары қызметінде болған.

(Соңы 5-бетте)

### БАЗЫНА

## МӘМС: ҚОМАҒАЙ ҚАПШЫҚҚА АЙНАЛДЫ

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН 2017 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП 2020 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫНА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 298,1 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫ ЖИНАҚТАЛЫПТЫ. БІРАҚ ХАЛЫҚ ОСЫ МИЛЛИАРДАТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРЕ АЛМАЙ ЖҮР. ЖҮЙЕНІҢ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАНЫНА ҮШ ЖЫЛДАН АССА ДА, ӘЛІ КҮНГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА ТАЛДАУЫН АҚЫЛЫ ТАПСЫРЫП, ЖЕКЕМЕНШІК ЕМХАНАНЫҢ АҚЫЛЫ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАЛТАСЫНАН АҚША ТӨЛЕП ЖҮРГЕН ХАЛЫҚ КӨП. ЯҒНИ МӘМС ЖҮЙЕСІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫН АРТТЫРЫП, ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТЕ АЛМАДЫ.

Есесіне «МӘМС-ке ай сайын жарна төлейміз, енді неге тағы медициналық қызмет үшін қалтамнан ақша шығаруым керек?» – деп ренжіген жұрт көп. Былтыр жазда коронавирус індеті жаппай таралған кезде медициналық қызметтің қолжетімсіздігінен ауруханаға сыймай қалған, жасанды тыныс алу қондырғысын жаны үшін шетелден

тапсырыспен алдыртып, ауруханада дәрі-дәрмектің жоқтығынан өз қалтасынан ақша шығарып, сатып алғандар көп. Әлі күнге талап еткен жерлерге ПТР тестті де ақылы тапсырып, жыл бойына жергілікті тіркелген емханаларының бірде-бір қызметіне тегін жүгіне алмайтын тұрғындар бар.

О баста міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі

іске қосылғанда, «енді еліміздің әр азаматы тегін медициналық қызметтерге қол жеткізе алатын болды» деп қуанған болатынбыз. Өйткені мемлекет денсаулық сақтау саласындағы осындай күрделі өзгерістерге халықты бірнеше жыл бойы дайындады. Артықшылығын тізіп, сақтандыруға сенімді күшейтті. Ал енді сөзді қойып, іске кірісетін уақыт жеткенде одан еш көмек жоқ.

Сондықтан МӘМС жүйесіне наразылардың саны артып барады. Ресми дерекке сүйенсек, өткен жылы медициналық қызметтің сапасына байланысты 100 мыңға жуық шағым түскен екен. Нақтырақ айтсақ 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 желтоқсан аралығында медициналық қызмет көрсетуге байланысты 96 884 шағым тіркелген. Әлеуметтік желілерде де медициналық қызметтің қолжетімсіздігіне қатысты сын айтатындар көбейіп барады. Соның дәлелі журналист Жарас Ниязбек фейсбук парақшасында: «Медициналық сақтандыру дегенің далбаса дүние екеніне көзім жетті. Информбюрода жүргенде талай сюжет жинадаған едім. Сонда әр деңгейдегі басшылар сонша мақтап, ай сайын салған ақшаң саулығыңның кепілі деп сендірген.

(Соңы 3-бетте)

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Жұмаш ТЕМІРӘЛІ, ҚР ДСМ Туберкулез мәселелері ұлттық орталығының директоры:  
– Еліміздің медицина саласына үлкен өзгеріс керек. Медициналық қызмет көрсету сапасын жетілдіру және емделушінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін кешенді түрде жұмыстар жүргізілуі қажет. Пандемиялық жағдай еліміз үшін ең алдымен медицина саласын дұрыс жолға қою, медициналық қызметті қолжетімді ету, ұлт саулығын жақсарту қажеттігін түсіндірді. Сондықтан халықтан жарна арқылы ақша жинауды ғана емес, бір сәт сол халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуді де ойластыруымыз керек.  
Мен қазір ең алдымен саланы жемқорлықтан тазарту керек дер едім. Өйткені сол медициналық сақтандыру қорының басшылары істі болды. Одан қалды жұқпалы аурухана салған кезде де ақшаның талан-таражға түскенін естіп жатырмыз. Индет өршіп тұрған кезде басқа елдер індетпен күресіп жатса, біз масканы жоғалтып, дәрі-дәрмекке жарымаған, жемқорлыққа батқан жүйемен алысып жаттық.

Елге МӘМС жүйесі енгізіліп, оның жұмыс істей бастағанына біраз уақыт болды. Алайда, көпшілік қордың сапасыз қызметіне наразы, себебі, МӘМС қызметінің тек қана жарна жинаумен айналысып отырғанын айтуда. Соған орай, медициналық қызмет сапасын жақсарту жолдарын мамандардан сұрадық.

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Бір індет-ақ еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінің, жалпы медициналық қызмет көрсетудің әлеуетін байқатып кетті. Бұл жерде дәрігерлерді кінәлауға болмайды. Дәрігерлер жүйеге сай қызмет етеді. Сондықтан, бұл жүйені қалыптастырып отырғандарға қатысты айтылар сын деп ойлаймын.

Дәрігер жетіспеушілігі барлық емханада бар. Халық іздеген дәрігерін емханадан таппаған соң, еріксіз жекеменшік емханаға жүгінеді. Ол үшін «мына емханада кардиолог табылмаса, мына жекеменшік емханаға барып, емхана есебінен тегін кардиологтың қызметіне жүгіну мүмкіндігі бар» деген секілді жүйе қарастырылса деп ойлаймын. Кардиолог демекші, кейбір жүрегі сыр берген науқастар емханадан маман іздесе, бір айдан соң кіретін талон береді. Ал жүрек уақыт күттірмейтін нәрсе. Сондықтан еліміздің медицина саласына жедел медициналық қызмет көрсетуді барынша жүктеп, осыған қатысты туындап отырған мәселелерді тезірек шешуді тапсыру керек.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

МҮНІ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда Қазақстан халқы соңғы 30 жылда 16,1-ден 18,6 млнға, яғни 2,5 млн адамға ғана өскен. Оның 1 миллионы Атажұртына оралған қазақтардың үлесіне тиеді. Осыған қарамастан мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қосар үлесі әлі күнге дейін бағаланған жоқ. Алдағы жылы диаспоратану терминінің елімізде ғылыми айналымға енгеніне және Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайының өткеніне 30 жыл толады. Ал мемлекеттің негізін құраушы ұлттың әрбір үшіншісі әлі күнге сыртта жүр.

## ҚАУЫМДАСТЫҚ ҰЛТ ҰЙТҚЫСЫНА АЙНАЛА АЛМАДЫ

Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында құрылған Әлем қазақтарының орталығына көп міндет жүктелді. Алайда ол ұлт бірлігін нығайтудың ұйтқысына айнала алмады. Бастапқыда Әлем қазақтарының орталығы, кейін Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы аталған бұл қоғамдық ұйымның төрағасы Тұңғыш Президент Н.Назарбаев болған. Қаржыландыру көзі айқындалып, Қазақстан халқы ассамблеясы сияқты артықшылыққа ие болмағандықтан, оның жұмысы көзге көрінбейді. 2017 жылы Нұр-Сұлтанда өткен VII құрылтайынан кейін Президент тапсырмасына сәйкес «Отандастар қоры» құрылған еді. Соның салдарынан қауымдастық қор көлеңкесінде қалып қойды. Бірін-бірі қайталайтын бұл екі ұйымға мемлекеттен бөлінген бюджет қаржысының есебі жоқ. Мемлекет басшысының 1992 жылғы алғашқы және одан кейінгі құрылтайларда берген тапсырмасын бұл күнде кім, қалай жүзеге асырып жатқанын ешкім білмейді. Соның нәтижесінде ортақ мақсатта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудың орнына, Отандастар қоры мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Крыловтың әйгілі мысалындағы «Аққу, шортан хәм шаянның» тірлігін жасауда. Соның нәтижесінде шекараның сыртындағы қазақтардың бұрынғы және соңғы 30 жылда қоныс аударғандарының нақты есебін бүгінде ешкім деп басып айта алмайды. АҚШ пен Еуропа елдеріндегі қазақ мәдени

орталықтарында да ондай мәлімет жоқ. Еуропа елдеріне Түркия арқылы барғандар белгілі бір деңгейде мәдени-спорттық шараларда бас қосып тұрғанымен, Қазақстаннан кейін кеткендермен байланысы әлсіз. 2011 жылғы 22 шілдеде қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңның 3-бабы бойынша Қазақстан аумағына келу және ел аумағында болу мақсатына қарай көшіп келудің мынадай негізгі түрлері бар: тарихи отанына оралу мақсатында; отбасын біріктіру мақсатында; білім алу мақсатында; еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында; гуманитарлық және саяси уәждер бойынша.

Өкінішке орай республикадағы түрлі мемлекеттік бағдарламаларды бір жүйеге келтіріп, оны көші-қон саясатымен үйлестірудегі олқылықтың салдарынан соңғы жылдары сырттан келетін қазақтардың саны күрт азайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2000 жылы елге келген 4056 адамның 2706-сы, 2008 жылғы 15081 адамның 13863-і, ал 2019 жылы 2854 адамның 2106-сы қазақ ұлтының өкілі болды. Ал елден кету көрсеткіші 2000–2005 жылдары 47 442-ден 74 807-ке дейін өсіп, 2006–2019 жылдары 66731-ден 12255-ке дейін азайды. Оның ішінде қазақтардың үлесі 2004–2005 жылдары 17 682-ден 57850-ке артып, 2006–2019 жылдары 48734-тен 7033-ке дейін кеміді десек те, келгендер мен кеткендер арасындағы айырмашылық әлі де жоғары боп тұр.



### МАМАН ПІКІРІ

**Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ,**  
диаспоратану терминінің елімізде ғылыми айналымға ең алғаш енгізуші,  
ҚР ҰҒА академигі:

— Диаспорология немесе диаспоратану ғылымын қалыптастырудың әртүрлі себебі бар. XX ғасырдың басында оған қатысты түрлі пікірталас болды. Диаспоратанудың маңызы өте зор. Ол ішкі жағдайға да, сыртқы жағдайға да әсер етеді. Сондықтан оқу орындарының бағдарламасына арнайы пән енгізейік деп ұсындым. Алайда, ол қолдау таппады, тіпті кейбір кісілер диаспоратануға әлі күнге дейін қарсы шығып жүр. Осыған қарамастан 1990 жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Философия және саясаттану институтына қазақ диаспорасының даму тенденциясын анықтауға арнайы тапсырма берген болатын. Біз оны өз әлімізіше зерттеп көрдік. Өйткені этносаралық, ұлтаралық қатынас дейміз ғой, оның бәрі сайып келгенде диаспорология, диаспоратануға келіп тіреледі. Мәселен, Қытайдағы қазақтар өз территориямызда тұрмыз, біз ешқандай диаспора емесіміз дейді. Ол дұрыс. Ал оның жай-жапсарын анықтап, тәптіштеп түсіндіру үшін жан-жақты зерттеу керек. Бізде ғылымның бұл саласының тиісті деңгейде дами алмай отырғанының басты себебі — қаржыландыруға байланысты. Қолбайлау болған бұл түйткіл шешілетін болса, бірқатар мәселенің шешімі табылатын еді. Бізге де шетелдегі қазақ диаспорасын зерттейтін агенттік құратын уақыт болды. Оған сырттағы қазақ санының әлі күнге дейін нақтыланбауы айқын дәлел бола алады. Еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге диаспоратанудың маңызы өте зор.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## ТӘУЕЛСІЗ АДВОКАТТАР ТӘУЕЛДІ БОЛМАҚ

АЙМАН ОМАРОВА АДВОКАТТАР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТАПТАЛЫП ЖҮРГЕНІН ТАЛАЙ РЕТ АЙТҚАН. ӨТКЕН ЖЫЛЫ ПРЕЗИДЕНТ Қ.ТОҚАЕВҚА ҰСЫНЫС ТАСТАП: «БІЗГЕ ҰЙЫҚТАП ОТЫРАТЫН, АДВОКАТУРАҒА ҚАТЫСТЫ ҚАРСЫ ПІКІР АЙТАТЫНДАР, ӨЗДЕРІНІҢ ЕШҚАШАН АБАҚТЫҒА ТҮСПЕЙТІНІНЕ СЕНІМДІ, АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТҮП-ТАМЫРЫМЕН ЖОЙҒЫСЫ КЕЛЕТІН ДЕПУТАТТАРДЫҢ ҚАЖЕТІ ШАМАЛЫ», – ДЕП ЕДІ. БҰЛ СӨЗІН АДВОКАТ ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІ ТАЛҚЫЛАЙТЫН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ МАҒЫНАСЫН ҮНЕМІ ТҮСІНЕ БЕРМЕЙТІНІМЕН ТҮСІНДІРГЕН.

Быттыр заңгерлер заң көмегін жою, адвокаттар қоғамдастығының пікірін тыңдамастан адвокатты өмір бойына лицензиясынан айыру, сот процесінде және басқа да кездерде адвокаттарды белсенді ұстанымын білдіруден айыру секілді ұсыныстарға түбегейлі қарсылық көрсеткен. «Шын мәнінде адам құқығына кепілдікті ары қарай жетілдірудің, демократияландыру мен заңнаманы ізгілендірудің орнына, коммерциялық емес, тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын адвокаттар ұйымының қызметіне кей депутаттардың қолымен өкілетті органның кезекті рет араласуына талпыныс жасалуда», – деп санайды Айман Омарова. Ол елімізде адвокаттарға жасалатын қысым тыйылмай жатқанын жеткізіп: «Кейбір соттардың әділеттілік туралы айтқан адвокаттарға қысым жасағанына талай рет куә болдым. Соттарда прокурорлар мен сирек келетін медиаторлар үшін жеке кабинеттер бар. Сот ғимараттарынан шықпайтын адвокаттар үшін бөлек бөлме жоқ. Қудалаудың көмегімен адвокаттар тіпті адал жалақыдан айырылады», – деген.

Ал қазір Мәжіліс қолдап, Сенат қарауында жатқан «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Құқық қорғаушы күні кеше әлеуметтік желіде тікелей эфирге шығып, заңға ұсынылған түзетулерге әріптестерінің бірауыздан қарсы екенін жеткізді. «Өйткені, адвокаттық қоғамдастықтың қызметіне араласуға жол берілмеуі тиіс», – деді Омарова. «Бір жағынан Республикалық адвокаттар алқасының шотына әрбір адвокат ай сайын кемінде 1 АЕК төлеуі дұрыс деп ойлауы мүмкін. Рас, біз өз-өзімізге қаржы құйып жатқан сияқтымыз. Олай болса, біздің не істеп, не қоятынымызды өзіміз шешуіміз қажет болмайды ма? Сол секілді, ай сайын төлейтін АЕК қажеті бар ма, жоқ па, оны да өзіміз шешуіміз тиіс. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 65-бабында: «Адвокат кеңсесі коммерциялық емес ұйым» екені тайға таңба басқандай жазылған. Олай болса, Республикалық адвокаттар алқасы – тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын қауымдастық. Бірақ, адвокаттар алқасы заңда көрсетілгендей, тәуелсіз, өзін-өзі басқарады дей алмаймын. Дәл қазіргі жағдайға қарасақ, адвокаттар тәуелсіз емес, өзін-өзі басқару құқығы да жоқ. Өйткені, бұған дейін де мемлекеттік институттар біздің ісімізге араласқан.

істейтін заңгерлердің қызметтеріне ақы төлеу күн тәртібінде тұрғанда, ай сайын ақша міндеттеу ақылға қонымсыз. Осылай деген адвокат ауыл тұрғындарында да, адвокаттарында да жағдай жоқтығын қадап айтқан. «Заңгерлерді әлеуметтік қорғау жоқ. Тіпті қарапайым еңбекке жарамсыздық парактарын да төлеуге қаржы қарастырылмаған», – дейді адвокат. «Астарлы ақиқат» ақпарат агенттігінің басшысы, заңгер Сардар



Қазір де солар бізге ай сайын төлейтін соманы тағайындап отыр», – деп ашынады Айман Омарова.

Мемлекеттік бюджеттен ақша бөлінетін кезде қарастырылатын қаржының есебі, оның қандай мақсатқа жұмсалатыны сұралады. Ал адвокаттардың ай сайын төлейтін қаржысы Республикалық адвокаттар алқасына не үшін қажет екенін білмей дал. «Кемінде 1 АЕК, 2 немесе 3 АЕК болуы да мүмкін. Сосын ол қаржы қайда жұмсалады? Айталық, сонда ай сайын 5390 адвокат 15 миллион, жылына 180 миллионнан астам қаржы жинайды. Осынша ақшаны қандай мақсатқа пайдаланады? Біздің қандай да бір мақсатымыз, жоспарымыз бар ма еді? Өлде адвокаттар алқасының төрайымы бізбен қандай да бір жоспарымен бөлісіп пе еді? Адвокатты өмір бойына лицензиясынан айыруды Әділет министрлігі құп көрмегенде, Республикалық адвокаттар алқасының төрайымы Қадыржан Баймұханова қолдайды. Ал сол төрайым екі жыл бойы қандай шаруа атқарғанын есіме түсіре алмай отырмын. Қауымдастықтың адвокаттар үшін қандай да бір шараларды ұйымдастырып, соттарға барып адвокаттар үшін болысқанын да білмеймін. Керісінше төралқа отырыстарына қатыспайды, адвокаттардың ұсынысын елң қылмайды, ал ақша өтеуге келгенде, өмір бойына лицензиясынан айыруға келгенде пайда бола кетеді», – дейді Айман Омарова.

Заң қабылданса, ауылды жерлердегі адвокаттар да кемінде 1 АЕК төлеуі тиіс. Ал ауылдарда жұмыс

Әбдіжақия әріптесінің сөзін растап отыр. «Меніңше, адвокаттарға бірдей талап қойылу керек. Ауылдың, қаланың адвокаты деп бөліну дұрыс емес. Негізінде тәуелсіз адвокаттарға мемлекет ақы төлемейді, бірақ адвокаттар Республикалық адвокаттар алқасына ең кемі 1 АЕК төлеуі тиіс. Неге? Тәуелсіз адвокаттардың клиенті болмаған жағдайда, ай сайын адвокаттар алқасына қаржыны қайдан табады? Бұл тәуелсіз адвокаттардың тәуелділігін көрсетеді. Заң мен жетілдіктер бірдей болсын, тәуелсіздік пен тәуелділік те өз орнында тұруы тиіс. Республика бойынша кәсіпкерлерге мораторий жарияланғаны секілді, адвокаттардың да салымын республика бойынша бірдей етіп, әділдік орнату керек. Бір сөзбен айтсақ, адвокаттарды ай сайын ақы төлетіп, салым салып, тәуелді етудің қажеті жоқ!», – дейді С.Әбдіжақия.

Адвокаттардың талап-тілегін жеткізу үшін заңға енетін өзгерістерді мақұлдап жіберген бұрынғы және қазіргі Мәжіліс депутаттарын, сенаторлардың ешбіреуін әңгімеге тарта алмадық. Көмекшілері қызметтік телефонның күні бойы көтермеді, ал әлеуметтік желідегі парақшаларына жолдаған сауалымыз жауапсыз қалды. Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті мүшелерінің өзі заңдағы өзгерістерге жауапты жұмыс тобында болмағанын алға тартса, комитет төрағасы, жұмыс тобының мүшесі Қанат Мусинмен байланысу мүмкін болмады.

Жадьра МҮСІЛІМ

### ҚЫЗМЕТ ОҢ БАҒАЛАНДЫ

Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің



жетекшісі Рафаэль Гасанов пен осы министрліктің адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Айдос Жұмабек Түркістан облысына арнайы жұмыс сапарымен келді. Қонақтар ең алдымен облыс орталығында орналасқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалында болып, мемлекеттік қызметтерді көрсету саласына енгізілген жаңашылықтарды бақылады.

Шара барысында электронды үкімет порталын пайдалану және портал көмегімен онлайн тапсырыстар беру, сондай-ақ телеграмм жүйесінде EgovKzBot2.0, Mgov бағыты бойынша қызметтер алу, ХҚО-на кезекті алдын ала брондау жолдары бойынша қызмет көрсету процесстері таныстырылды.

Айта кетсек, өткен жылы «Азаматтарға арналған үкіметтің» Түркістан облысы бойынша филиалы арқылы 2,3 млн-нан аса мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның тең жартысын түркістандықтар электронды түрде өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы алған. Елде карантин режимінің енгізілуіне байланысты, халыққа қызмет көрсету орталығында алдын ала кезекті брондау форматымен қызмет көрсету үрдісі қарқын алған.

Сондай-ақ, быттыр елімізде жарияланған төтенше жағдайдан кейін 30 қараша күні ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің тапсырмасымен

өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмысы қайта жанданып, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда 137 өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы іске қосылған. Келушілер компьютерлер арқылы керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінде ала алады.

Айталық, тұрғындардың басым көпшілігі ЭЦҚ рәсімдеу, соттылықтың болуы/болмауы туралы, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің есебінде болмауы туралы анықтамалар алу, тұрғылықты жер бойынша тіркелу және емханаға тіркелу қызметтеріне жиі жүгінесе, бұйінде сақтық шараларын қатаң сақтау мақсатында аталған қызметтер электронды түрге толық көшіріліп, халыққа барынша қолайлы қызмет көрсетілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің жаңа сатысына көтерілген орталықтың жұмыс жүрізу процесіне жоғары баға берген Рафаэль Гасанов, өңірде цифрландырудың сапасын арттыру арқылы қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында орнайтын тікелей байланыстың болмауынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау деректері төмендейтінін жеткізді.

Амантай ЕГЕМБЕРДИЕВ,  
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы  
КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҮКІМЕТКЕ ЖАҢА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл да сыртқы сын тегеуріндері жағдайында экономиканың өндірістік әлеуетін арттыру үшін индустрияландыру картасы бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Агрөнеркәсіптік кешенде, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясында, машина құрылысында жалпы құны 2 трлн теңге көлеміндегі 112 жоба іске қосылақ.

Өз кезегінде сөз алған Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевтың да сөзі көңілге үміт ұялатты. Пандемияның салдарынан орын алған дағдарыс жағдайында Ұлттық банк инфляцияны 7,5 пайыз көлемінде ұстап, ұлттық валюта нарығындағы тұрақтылықты да қамтамасыз етті. Жалпы, Қазақстанда былтырғы жылдың қорытындысы бойынша ұлттық ішкі жалпы өнімнің қысқаруы әлем бойынша 4,4 пайыздан 2,6 пайызға түсті. 2020 жылдың екінші тоқсанындағы рекордтық құлдырауға түскен іскерлік белсенділік дағдарысқа дейінгі деңгейдегі қалпына келтірілуде. Ұлттық банктің болжамы бойынша ағымдағы жылдың 2 тоқсанынан бастап Қазақстанның экономикасы жағымды траекторияға шығады. 2021 жылдың соңында мұнай баррелінің 45 доллар көлемінде болуы жағдайында ұлттық ішкі жалпы өнімнің көлемі 3,7-4,0 пайызға өседі деген үміт бар. Биыл Ұлттық банк инфляцияны 4-6 пайызға қайтаруға міндеттеліп отыр. Осы мақсатта 2030 жылға дейінгі ақша-несие саясаты жасалды.

Жиында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой да баяндама жасап, Мемлекет басшысы оған пандемия жағдайында дәрі-дәрмектің қолжетімділігіне қатысты бірнеше сұрақ қойды. Министрдің берген жауабына қарағанда, құзырлы орын дәрі-дәрмектің шекті бағасын реттеу ережесін қайта қарау нәтижесінде ковидке қарсы препараттардың маркетингтік шығындарын толықтай жойыпты. Бүгінде көтерме және жеке саудадағы бағасы екі есеге дерлік төмендеген. Нарықтағы абыр-



жушылықты болдырмай, дәрігерлік көмек қолжетімді болу үшін амбулаторлық деңгейде коронавирустың инфекция және пневмониямен ауырғандар дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етілді. Енді дәрі құнының жосықсыз өсуіне тосқауыл қою мақсатында биыл Халық денсаулығы кодексіне бөлек саудадағы бағаны реттеуді алып тастауды дәйектейтін өзгеріс енгізілмек. Бұл сауданың осы секторындағы дәрі құнын төмендету қосымша негіз құруға мүмкіндік береді. Ал, Президенттің «Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС-не қатысты атышулы мәселеге орай қойған сауалына Цой мырза бұл құрылымдағы жемқорлық фактілеріне сырттай сараптама жүргізілгенін, 23 мүшеден құрылған қоғамдық жұмыс тобының қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің бақылауында тұрған шараларды орындау бойынша нақты жоспар құрылғанын жеткізді. Министрдің айтуынша, ең маңыздысы дәрі-дәрмекті сақтау және тасымалдау бойынша электронды форматқа көшу болып отыр. Сонымен қатар елдің бас дәрігері Президенттің халықты жаппай егу шарасына қатысты сауалына да жауап берді. Цой мырзаның мәлімдеуінше, бұл шара биылғы жылдың I ақпанынан басталам. Маңызды істегі бірінші мәселе екпе жасауға медициналық мекемелердің дайындығы болса, екінші мәсе-

ле азаматтар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Бүгінде құзырлы орын осы шаралардың толыққанды жүзеге асуына бар күшін жұмсауда. Жиынның негізгі мақсаты, яғни ағымдағы жылда басымдықтарды айқындауға қатысты сөзді Қасым-Жомарт Кемелұлының өзі айтты. Мемлекет басшысы бұл ретте пандемия жағдайында ұлттық экономиканың тегеурінді сынақтарды бастан кешкенін айта келіп, осы кезеңде жіберілген қателіктерді, оларды жоюдың жолдарын жіліктеп берді. Индет жағдайы алдымен іскерлік белсенділікке кері ықпал еткені белгілі. Одан әлі күнге шағын және орта бизнес қатты зардап шегіп жатыр. Ірі кәсіпорындар үшін де бұл сынақтың салдары оңайға түсіп жатқан жоқ. Десе де, Мемлекет басшысы халықтың үштен бірінің күнкөріс көзіне айналып отырған шағын бизнеске қолдау көрсетудің басты назарда тұру керектігін қатаң тапсырды. Бұл сектордың сұранысын тудырып отырған шаралар биыл да жалғасын табу керек. Өйткені бизнесіңің ахуалы қандай болса, халықтың да жағдайы сондай. Осыны айтқан Тоқаев мырза Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, бір айдың ішінде қажетті іс-шаралар топтамасын әзірлеуді міндеттеді. Мемлекет басшысы осы ретте бірқатар кемшіліктерге назар аударт-

ты. Соның бірі ауылда банктер мен даму институттарының бөлімшелері жоқтығынан «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының алыс елді мекендерге жетпей жатқаны. Бұл жағдай оның қаржы көлемін ғана емес, оны жүзеге асыру ұстанымдары мен тетіктерін қайта қараудың қажет екенін көрсетіп отыр. Оған білікті микроқаржы ұйымдарының белсенді қатысуын қамтамасыз ету – Үкіметтің міндеті. Халыққа берілетін

ресесі» сияқты тетіктер енгізілуі керек. Қаржының елеулі бөлігінің орталық органдардың жетекшілері үшін автопаркті ұстап тұруға жұмсалып жатқаны да назардан тыс қалмапты. Мәселен елімізде жылына бір машина үшін 6 миллион теңге шығындалады екен. Бірқатар елдерде жеке қызмет көлігінің орнына ақшалай өтем енгізілген. Бізде де бұл тәжірибе кейбір мекемелерде енгізіліп, өзінің тиімділігін көрсетуде. Осыған назар аудартты Президент Үкіметке елеулі деңгейде қысқартуды қажет ететін мемлекеттік органдар басшыларын қызмет көлігімен қамтамасыз етудің жаңа жүйесін енгізуді міндеттеді.

Мемлекет басшысы сонымен қатар азық-түлік, халық тұтынатын әлеуметтік маңызы зор тауарлардың қымбаттап кеткеніне де назар аудартты. Бұл үрдіс жалпы инфляцияның 60 пайызына тең болып отырғанын мәлімдеп, Үкіметке бұл мәселені шешуді де қатаң тапсырды.

Өрине, ерекше маңыз берілген мәселенің бірі – денсаулық сақтау саласы болды. Индет жағдайында бұл қызметтің қатал сынақтан өткенін, емдеу ісінде, әсіресе қажетті құрал-жабдықтардың, материалдардың жоқтығы қолбайлау болғанын айта келіп, Президент әкімдер мен кәсіби қоғамдастықты денсаулық сақтау ісін түгендеу шарасын жүргізіп, кем-кетікті анықтауға шақырды. Дәрі-дәрмектің жетіспеушілігі, оны емделушілердің өздері сатып алуға мәжбүрлігі де Президент назарынан тыс қалмай, өз тапсырмасымен Бас прокуратура бұл келенсіздіктің сырын жеке-жеке анықтауға кіріскенін айтты.

Білім беру ісіне қатысты мектепке дейінгі мекемелермен қамту деңгейінің төмендігі, елдің бәсекеге қабілеттілігінің бірден-бір кепілі болатын оқушылар үлгерімінің төмендеп бара жатқанын ортаға салды. Бұл ретте, білім саласы тәжірибе алаңы емес екендігін, дамыған елдердегідей бұл үрдіс пен балаларды дамытудың түрлері арасында тепе-теңдік болуы қажеттігін атап көрсетті. Оқулық сапасын арттыруды тапсырды.

Бұл жиында Мемлекет басшысы азаматтарымыздың тұрмыс сапасын жақсартып, табысын арттыруға қатысты мәселенің ешқайсысын қалыс қалдырмай ортаға салып, Үкіметке нақты тапсырмалар жүктеді. Жаңа да ескі атқарушы биліктің алдында сол міндеттерді ойдағыдай атқарып, халықты қазіргі кездің қиындығынан алып шығу міндеті тұр.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ «Заң газеті»

БАЗЫНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондағы айтқан сөздерімді қайтып алдым. Басқа түспейінше, өзін көрмейінше білмейді екенсің. Қысқасы, 2 аптадан бері әйелімнің басы ауырып жүр. Әсіресе, кешке тұра алмай жатып қалады. Күнде тіркелген емханаға барып, дәрігерге қаралады. Ай сайын МӘМС-ға ақшасын аударып отыр. Емхана да өзі ауырып тұрған басты одан ары қатырып жіберді. Невропатологқа кірсен, терапевтке жібереді. Ал ол жазылған жосық деп үйге қайтарады. Келесі күні жазылып терапевтке барсаң окулистке бағыттайды. Ол да бұрынғыдай қабылдамай қояды. Оған жуық арадағы жазылу ақпан айында ғана екен. Ойланғаның, бір айдан кейін. Ал енді баста микроинсуль болуы мүмкін деді. МРТ түсіру керек. МӘМС бойынша МРТ тегін. Тек жолдама беру керек. Ол жолдаманы бір апта жүріп әзер алдық. Енді оны түсіретін медорталықта жақын 10 күнде орын жоқ дейді. Мұндайға қалай төзуге болады, Алексей Цой мырза? Әлде жұрттың бәрі ақылы емделе бере ме? Жалпы елге осы МӘМС керек пе?» дейді ашынып. Бұл дәл қазір миллиондаған жанның басында бар жағдай. Медициналық қызмет әлі күнге елімізде қолжетімсіз.

Тағы бір мысал, «елімізде онкологиялық аурулардың алдын алу, ерте сатыдан анықтау бағытында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр» деген есепті жиі естиміз. Бірақ жақында ғана туған ана-

МӘМС: ҚОМАҒАЙ ҚАПШЫҚҚА АЙНАЛДЫ

сын мамандар «онкологиялық аурудың төртінші сатысында көмектесе алмаймыз» деп ауруханадан шығарып тастаған Ерке Айбергенова «ПЭТ (Позитронно-эмиссионной томография) деген медициналық қондырғы бар. Онкологиялық ауруларды ерте сатыдан анықтайтын қондырғы. Алматыда соған түсу бағасы 250-300 мың теңге аралығында. Ол МӘМС бойынша кепілдендірілген тегін қызметтердің санатына жатпайды. Бірақ онкологтар аурудың алдын алу үшін, дертті ерте сатысында анықтау үшін әлгі қондырғыға жылына екі рет түсіп тұру қажеттігін айтады. Ал енді қарапайым қазаққа қалтасында оған жылына екі рет түсетін қаржы қайдан болсын?! Анамың бойында қатерлі дерт еш білінбей аурудың төртінші сатысына келгенде бір-ақ байқалған. Ауруханаға екіліп жатқызғанымызбен дәрігерлер енді ем қонбайтынын айтып шығарып тастады. Енді анам тек өлімін күтіп, жаны қиналып жатыр. Жалғыз менің анам емес, қаншама қатерлі дертке шалдыққан жандар осылай өмірден кетіп жатыр. Біздің елімізде рак әлі күнге емі жоқ дерт саналады. Өйткені ауруды анықтайтын қондырғы қолжетімді емес. Ал дамыған елдер үшін бұл емделеді. Өйткені, ерте сатыдан анықтайды. Осы орайда «біз онкология дертімен талапқа сай күресіп жатырмыз» деп айта аламыз ба?!» дейді ашынып. Яғни жүйе қатерлі аурулармен күресуге септігін тигізе алып отырған жоқ.

Медициналық сақтандыру қорында млрд-

тар барын қайтейік, мемлекеттік емханаларда маман да жетіспейді. Елімізде ана мен бала да тегін медициналық қызмет ала алмай отыр. Жас босанған ана Дана Әбденова «Есік қаласында босандым. Ауруханада жылы су болмады. Босанған соң баламды невропатологқа көрсетпек болып, жергілікті тіркелген емханаға хабарластым. Олар емханада балалар невропатологі жоқ екенін айтты. Амалсыз жекеменшік емхананың ақылы қызметіне жүгіндім. Қабылдауына он мың теңге төледім. МӘМС жүйесі іске қосылса алдында жекеменшік емханалардың да жүйе арқылы тегін қызмет көрсететіні айтылды. Ендеше сақтандыру қорына төлеген қаржының жекеменшік емхананың қолжетімді еміне кепіл болатыны қайда? Өзіме де жақында маммолог қажет болды. Оны да тіркелген емханаман таппадым. Тағы жекеменшік емхананың медициналық қызметіне жүгіндім. Барлық балаға туған соң массажист қызметі де керек. Емханада ол да жоқ. Күніне 3500 теңге төлеп,

өзім массаж жасаттым. Ендеше неге осы қызметтерді қамтамасыз етпесек?! Сақтандыру қорындағы ақша есебінен ана мен балаға көрсетілетін қызметтерді тегін көрсетуге болады ғой!» дейді.

Айта кетер жайт, қызмет сапасы өзгермесе де қорға ұстайтын ақша көлемі жыл санап көбейіп барады. Мәселен, жұмыс берушілер 2017 жылдың шілде айынан бастап қарамағындағы қызметкерлер үшін жалақының 1 пайызы мөлшерінде жарна аударып бастады. Жүйе іске қосылмай жатып, елден жарна жинау басталды. МӘМС жүйесі тек өткен жылдың басынан бастап жүзеге асты. Жарна жұмыс берушінің қаражаты есебінен аударылады. 2019 жылы аударым мөлшері 1,5 пайызды, 2020 жылы 2 пайызды, 2022 жылдан бастап 3 пайызды құрайды деп күтілуде. Ал халық жүйедегі, медициналық қызметтің қолжетімділігіне разы емес. Халықты қалтасынан алып бір, жалақысынан ұстап екі қайтара «тонап» отырған жүйе қоғамымызға керек пе?!


**P.S. Қазір кейбір дамыған елдер каронавирустан соң ағзаның зақымданатынын айтып ұлт денсаулығын қалпына келтіруге кірісіп кетті. Халыққа пайдалы дәрумендерді ғана емес, медициналық қызметті де барынша қолжетімді етуге тырысып, ұлт денсаулығын қорғауда. Ал біз, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың халықтың көңілінен шығып, қоғамға сіңісіп кетуін қамтамасыз етпей отырмыз.**

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?



**Жұмаш ТЕПІРӘЛІ, ҚР ДСМ Туберкулез мәселелері ұлттық орталығының директоры:**  
– Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуден бұрын жиналған қаржыдан жеп қалғысы келгендер бар кезде медициналық қызмет көрсету сапасы жөнінде әңгіме қозғаудың өзі артық. Сондықтан, ең алдымен саланы жемқорлықтан тазарту керек. Оныс салада берекет болмайды. Қаржының талан-таражға түсуі байқалса қатаң жазалап, саладан аластату қажет. Қандай мықты кәсіби маман болса да жемқорлыққа жол берген басшыны, менеджерді қайтадан сол салаға жолатпаған жөн. Өйткені жемқорлық бар жерде сапалы медициналық қызмет болмайтыны анық.  
Халық басында МӘМС іске қосылса жекеменшік емханадан да, жергілікті тіркелген емханасынан да қалаған қызметін ала беретіндей көрсен. Өйткені «науқас қайда жүрсе, қайдан медициналық қызмет алса, сол жаққа сақтандыру ақшасы еріп жүреді» деп айтылды. «Сондықтан еліміздегі медициналық орталықтардың барлығы науқасқа сапалы қызмет көрсетуге тырып жатыр, бірақ сол ақшаның есебінен сапалы медициналық қызметтің тегін қалыптаса қоймағанын байқап отырмыз. Сондықтан ұлт саулығын жақсарту бағытында, індеттен соң халықтың денсаулығын қалпына келтіру үшін жаппай елді скринингтен өткізіп, коронавирустың зардабын жою үшін тегін медициналық қызметтер жүйесін ұйымдастыруымыз керек. Өйткені вирустың басқа ауруларды қоздыратынын, халық денсаулығын төмендететінін естіп отырмыз. Қазір көптеген елдер халқының саулығын жақсарту үшін тырысуда. Біз де сол қадамдарға баруға тиіспіз. Одан ары нақты қандай медициналық қызметтердің тегін екені ашық айтылуы қажет. Халықтың өз ақшасын өзінің денсаулығын жақсартуға пайдалануы керек.



**Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:**  
– Саланың осындай мәселелерін жеке-жеке қарастырмайынша, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту алмаймыз. Халық та көп нәрседен хабарсыз. «Менің тегін қызмет алуға құқығым бар» деп көп жағдайда талап ете бермейді. «Бұл қызмет емханамызда тегін қарастырылған» десе бұрылып жекеменшік емханаға кете береді. Осы орайда тұрғындар да құқығын талап етсе, арнайы байланыс орталығына хабарласып, арыз-шағымдарын дер кезінде жеткізіп, қай қызметтің ақылы екенін үнемі нақтылап отырса дұрыс болар еді.  
Жалпы денсаулық сақтау саласына қатысты айтылар сын көп. Мұның бәрі саладағы қадағаландыру жұмыстарының кемшілігінен деп ойлаймын. Сондықтан, жүйенің қалай жұмыс істеп жатқанын үнемі бақылап, қадағалап, халыққа есеп беріп отыратындай мүмкіндік жасалса дұрыс болар еді. Басқа елдер медициналық туризмді қалыптастырып, өз халқы түгелі, өзге елден науқастарды өздеріне тартып жатқанда, біздің айналдырған он сегіз миллион тұрғынға сапалы медициналық қызмет көрсете алмауымыз үлкен сын.

Сауланманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# ХАЛЫҚ ҚОЛДАМАҒАН РЕФОРМАНЫҢ ҒҰМЫРЫ ҚЫСҚА

**Сот төрелігінің қара қылды қақ жарған әділдігі туралы жиі айтамыз. Қазіргі қоғамдағы сот жүйесінің қызметі халықтың көңілінен шығып отыр ма? Сот төрелігінің міндеті – ақиқат таразысын әділ ұстап, нақты әрі тура шешім шығару.**

Денсаулығың сыр берсе дәрігерге жүгінесің, құқығың тапталса соттан көмек күтесің. «Жаптым жала, жақтым күйе» қағидасымен жазықсыз жапа шеккендердің жанайқайын кім естиді, кімге шағымданады? Әрине, сот төрелігіне. Халықтың сотқа деген сеніміне соңғы жылдары селкеу түсе бастады. Жанадан сайланған Мәжіліс депутаттарының алғашқы сессиясының ашылуында Президент Қ.Тоқаев «Сот жүйесінің жабық корпорация болмауы керектігін» атап көрсетті. Мұның астарында көп мағына жатыр. Есік, терезесін бітеп, түрлі күзет қойылған мекемелерге кіріп-шығу, жағдайды айту, ақпарат тастау өте қиынға соғып тұр.

Сот жүйесі халыққа қызмет көрсетіп, тұрғындармен емен-жарқын әңгіме, кездесулер өткізіп отырса, жариялылыққа қол жеткізетініміз анық. «Заң газетінде» жарияланған «Қазақстан Республикасының отставкадағы судьялар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Құр-

тілде жүргізіле ме, жоқ әлде, біздің биліктегі жас басшыларымыз сияқты «түсінікті тілде» сайрай ма? Кешегі Мәжіліс депутаттарының алдында Президент Қ.Тоқаев сот қызметіне біліктілігіне қарай әртүрлі салада жүрген мамандық иелерін тарту артық етпейтіндігін атап өтті. Осы арқылы Мемлекет басшысы ортақ парызы үшін әр саланың мамандары сот жүйесінің әділ болуына ықпал ете алатынын меңзесе керек.

Негізі соттарды іріктеу, тағайындау жөнінде арнайы белгіленген ережелер бар. Жоғары Сот Кеңесінің бүгінгі іріктеуіне қарасақ судьяны тағайындау белгіленген ережелерден айналып өтетіндей әсер қалдырады. Шындығында сол судья келешекте іс қарауда әділдікті, ізгілікті жүзеге асыра ала ма? Қиғаштыққа жол берілуі әбден мүмкін ғой. Парамен ұсталып жатқан судьялардың жемқорлығын, бәлкім, осы тұстан іздеу керек шығар. Өзі біздің елде даңғазалық көп.

Бір заң қабылданса оның байыбына барып, талқыға салмай түймешені басып, қабылдап жібереміз. Ал, оның кері әсері халқымызға тиіп жатады. Сондықтан, сот туралы реформаның өзін елдің талқысына түссе, пікірталас алаңына айналса жөн болар ма еді. Қашан да халықтың пікірі маңызды ғой.

Мақалада «Дұрыс, әділетті шыққан шешім ешкімнің көңіліне күмән туғызбайды. Яғни әділ шығарылған сот қаулысы – сот төрелігінің сапасын бағалайтын өлшем» деп көрсетілген. Ал бүгінде көбіне-көп сот шешіміне наразылық туындап жатады. Әділ шешімге ешкім де дау айта алмас. Қаралып жатқан істің ақ-қарасын айыра білу біліктілікке, ізгілікке байланысты болса керек. Мақалада атап көрсетілгендей арыз-шағымның Президентке дейін жетуі осы ойымызды дәлелдей түсетін сияқты.

Сот төрелігінің әділдігі ел экономикасының, мәдениетінің, әл-ауқаты мен тұрмыстық жағдайының жақсаруына айтарлықтай үлес қосады. Мемлекетіміз тұтас бір құрылым. Оның әрбір саласы, тетігі осы тұрғыдан қызмет атқарса дамыған отыз елдің қатарына енуге бірден-бір дәнекер болары хақ. Әділеттілік – сот жүйесінің мызғымас темірқазығы. Сол темірқазықтың мықты болуы үшін ізгілік реформасы қажет. Ол тәуелсіз елдің халқына қызмет етуі керек. Тамыр-таныстық, сыбайластық сияқты, алашапқына жол бермеген жөн. Заңмен жұмыс жасау қажет. Тек заңға сүйенген әбзел. Заңға бағынбау, заңды бұрмалау ақиқаттың жолы емес. Мақалада атап көрсетілген ұсыныс, пікірлермен толықтай қосылуға болады. Біреуді мінеу емес, біз қайтсек өркендетті, зайырлы қоғам орната аламыз? Ол үшін заңға бағына отырып, соның құлы болуымыз керек. Заңның қасиетті жолдарын бұрмаладық па, оған басымызбен жауап беруіміз керек.

Тәуелсіз елдің сот төрелігінен осындай ізгілік шапағатты көргіміз келеді. Адамдар жазықсыз сотталмаса екен, біреудің бедел, байлығы үшін құрбан болмаса екен. Ол үшін судьяларды іріктеу тетіктерін әлі де ашық, неғұрлым жариялы түрде жүргізген артықтық етпейді.

**Оралбек ЖҰНСҰЛЫ**  
Қазақстанның Құрметті журналисі

САРАП

**Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толмақ. Осы уақыт баралығында Қазақстанның заңдық базасы толық қалыптасты. Заң үстемдігін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға кепілдік беретін заңдық тетіктер жан-жақты жасалды. Бүгінге дейін қабылданып, қолданысқа енгізілген құқықтық құжаттардың ішінде «Медиация туралы» заңның шоқтығы биік. Негізгі себебі, бұл заң қазақтың ежелгі құқықтық дәстүрімен, бітімгерлік институтымен өзектес. Сонымен бірге, бұл ізгілікті, татулық пен бірлікті дәріптейтін, тараптарды мәмілеге келтіруді мақсат ететін бейбіт заң.**

# ТАТУЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙТІН ЗАҢ



Француз халқының ұлы ойшылы, атакты жазушысы Жан-Жак Руссо: «Ақылды заң шығарушы заңды жазбас бұрын, оның қоғамға қандай пайдасы барын зерттеуді мақсат етеді» – дейді. Ал «Медиация туралы» заңның қандай пайдасы боларын, қоғамға әсерін зерделеу артық. Олай дейтініміз бұл заң тамырын қазақтың көне тарихынан, байырғы билік қағидаларынан алған. Тентегін түрмесіз-ақ елдің тыныштығын сақтап, ағайын арасына сына түсірмеген. Дауласқан тараптарды бітістірудің, келісімге

келтірудің шебері болған билер дәстүрі бүгінде жаңарып, жаңғырғанын қуантады. «Медиация туралы» заң соның нақты дәлелі.

Қазақтың қанында бар бітімгершілікті дамытқан бұл заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданғаны белгілі. Одан бері зымырап 10 жыл өте шыққан екен. Осы аралықта «Медиация туралы» заң қоғамнан қаншалықты қолдау тапты? Өзінің негізгі мақсатына жете алды ма? Көпшілік көкейіндегі сұрақтарға жауап іздегенде ауыз толтырып айтатын оң нәтижелердің барына көңілің толады. Себебі, заң қол-

данысқа енгізілген он жыл ішінде медиация барынша дамыды. Кәсіби, кәсіби емес медиаторлардың сапалы құрамы қалыптасты. Халықтың медиацияға қатысты түсінігі өзгерді. Медиативтік келісімге келудің уақыт, қаржы жағынан ұтымды болатынына тараптардың көзі жетті. Сонымен қатар, осы аралықта тараптарды татуластырудың барлық мүмкіндіктері қолға алынды. Сот ғимараттарында медиация кабинеттері, бұрыштары ашылды, әкімдік, ассамблея, кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп отырып медиаторлар жұмысын насихаттаудың, медиативтік келісімге келтірудің негізі жасалды. Бұл қоғаммен бірлесіп жасалған іс-шаралардың бір парасы ғана. Ал Жоғарғы Сот тарапынан «Медиация туралы» заңды насихаттап, тараптарды татуластыру мақсатында қолға алынған жұмыстар ұшан-теңіз. Жоғарғы Соттың медиацияны ілгерілетудің қозғаушы күші десек шындықтан алысқа ұзай қоймаймыз. Себебі, жоғарыдағы игілікті істердің барлығы сот саласының бастамасымен жүзеге асырылды. Азаматтық процестік кодекске арнайы тарау енгізіліп, татуластыру тетіктері кеңейді. Татуластырушы-судьялар тәжірибеге енгізіліп, дауласқан тараптардың бейбіт келісімге келуіне жағдай туғызды. Сонымен бірге, «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы бойынша «Татуластыру: Сотқа дейін, сотта» қанатқақты жобасының да талай жанды татулыққа шақырып, талай дауды айтыс-талассыз шешкеніне көпшілік куә.

10 жыл ішінде қоғамға пайдалы екенін, елге тиімді екенін дәлелдеген «Медиация туралы» заң алдағы уақытта да жақын жандарды алыстатпаудың, араз жандарды татуластырудың нысанына айналады деген ойдамын.

**Э. АҚБАЕВ,**  
Медеу аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ОҢ ҚАДАМ

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

**Сот билігі ел азаматтарының құқығы мен бостандығын қорғауда маңызды рөлге ие. Осы мақсатта іске асырылған сот-құқықтық реформалар сот билігі мен қоғам арасында тұрақты байланысқа жол ашты.**

Республика судьяларының V съезінде Елбасы қағаз түріндегі құжат айналымынан бас тартып, қазіргі заманғы сот процесінің базасына айналуы тиіс электронды технологияға көшу қажеттігін тапсырған болатын. Одан бергі он жылдан аса уақыт ішінде аталған салаға заманауи ақпараттық технологиялардың ең озық үлгілері енгізіліп, олардың игілігін халық көруде. Ақпараттық технологиялар тек сот саласында емес, жалпы, мемлекеттік қызметте бюрократиялық кедергілердің жойылуына, азаматтар уақытының үнемделуіне ықпал етті.

Қазіргі күні ел соттарында «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «SMS-хабарлама», «QR-code», сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференц байланыс арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді қызметтер қарқынды пайдаланылуда. Халықтың сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттыру мақсатында іске қосылған бұл қызметтер жариялылықтың жаршысына айналған. Сот қызметіне жүгінушілер куә болып жүргендей, «Сот кабинеті» сервисі азаматтар үшін өте ыңғайлы. Нақты айтқанда, бұл жаңашылдық іске қосылған күннен-ақ өз тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, жеке немесе заңды тұлға сот ғимаратына келмей-ақ өзіне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде сотқа жүгініп, ақпараттармен таныса алады.

«100 нақты қадам» – Ұлт жоспарында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысында Қазақстанның барлық соты дыбыс-бейне жазба құрылғыларымен қамтамасыз етілді. Сотқа үй немесе жұмыста отырып жүгініп қана қоймай, сонымен қатар, азаматтардың сот

отырысына қашықтан, яғни, «WhatsApp», «TrueConf», «Zoom» және т.б. мобилді қосымшаларының көмегімен қатысып, өз құқықтарын қорғауына мүмкіндік туды.

Өткен жылы қабылданған Азаматтық процестік кодекс бұл бағыттағы жұмыстарды ширата түсті. Соттар жұмысына заманауи форматтарды ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізуді көздеген заң сот ісін жүргізуді цифрландыруға, азаматтық процесті оңтайландыруға ықпал етті. Соған орай, бұйрық арқылы және оңайлатылған іс жүргізу бойынша істер электрондық форматта қаралатын болды. Яғни, мұндай істерде тараптар шақырылмай-ақ өтініштер қарала береді. Мемлекет басшысы бұл тұрғыда «Ақпараттық технологияның арқасында сот процесі қашықтан жүргізу форматына жедел көшірілді. Бұл ұтымды әрі оңтайлы шара болды», – деп, өзінің оң бағасын берді. Сот процестерін қашықтан өткізу, әсіресе пандемия кезінде тиімділігін көрсетті. Соңғы жетістіктердің бірі «QR-code» жүйесі. Бұл жүйе азаматтарға керек ақпараттарды тез әрі оңай тауып, соттардың мекенжайы, сенім телефондары, мемлекеттік баждың, процестік шығындардың деректемелері, т.б. пайдалы ақпараттарды алуға жағдай жасады.

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар ел тұрғындарының құқықтарын қорғау мен олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екені талассыз. Қазіргі күні сот саласының қызметі жариялы әрі барынша қолжетімді. Әлеуметтік желілер арқылы соттар мен қоғам арасында ашық диалог орнауда. Азаматтар құқығын заманауи технологияларды қолдана отырып қорғау басы артық жұмыстан арылтып, адам факторы мен ретсіз шығындарды азайтатынын тәжірибе көрсетуде.

**Әсел МЕДЕТБЕКОВА,**  
Алмалы аудандық №2 сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



# БОСТАНДЫҚТЫҢ ҚАДІРІН ТҮСІНДІМ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде 49 адам жазасын өтеп жатыр. Соның бірі – Мақсат. Кәмелет жасқа толмаған ол колонияға 17 жасында келген. Бұзақылық жасағаны үшін 5 жылға сотталған. Қызылордадағы «Жас Ұлан» мектебінде 11-сынып оқып жүрген кезінде Мақсат өзінен үлкен балалармен төбелесіп, жәбірленушінің денсаулығына зақым келтірген.

Отбасы әке-шешесінен ерте айырылған, ағасының қамқорлығында болған Мақсат мектепті жақсы оқыған, бокспен айналысып, ауданаралық, республикалық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіпті. Болашағынан үміт күттіретін баланың абайсызда жаза басқаны өрине өкінішті. Балалар колониясында тәрбиеленіп жатқан бозбала қазір уақыттың қадірін, ойнап жүріп от басқанын, жастық шағының босқа кеткенін түсінді. Өткен ісіне өкінеді. Түрме оған кітаппен

дос болуды үйретті, сонымен қатар қолы бос бола қалған кезде, сурет салады. Қазір түске дейін сабақ оқыса, түстен кейін арнайы кәсіптік мектепте білім алады. Сонымен бірге мекемеде өтетін іс-шараға белсенді қатысады. Жазасын өтеп, тезірек үйіне қайтқысы келеді.

– Болашақта ашаштар мамандығын алып жеке кәсіпінді ашқым келеді. Бұл – қызығы мол, құпияға толы өлем. Ең бастысы – сол өлемнен өзіңді адастырмайтын жол таңдау. Өмірдің ғажабын бағаламау қате. Өткен қателігіңді қайталамай, ер жігітше мақсатыңды айқындап, ел қатарлы тіршілік еткім келеді. Мен өмірді сүйемін, – дейді жазасын өтеуші.

Тәрбие бөлімі қызметкерлерінің басты мақсаты жас-өспірімдерге қатесін ұғындырып, жаңа өмір бастауына, тузу жолдан жаңылмауына ықпал ету. Мақсат секілді жастардың арманына қанат бітіріп, пікірін өзгерту – дұрыс тәрбиенің жемісі.

**Е. ЖЕҢІСХАН,**  
ЛА-155/6 мекемесі

АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

◀ (Соңы. Басы 1-бетте)

Қызылорда облысы әкімі қызметіне Қ.Ысқақов бұйрық шыққаннан кейін үш күннен соң, яғни 28 маусымда тағайындалады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, Қ.Ысқақовтың 25 маусымда өз әріптестеріне, облыс әкімі орынбасарларына ондай тапсырма беруге өкілеттігі болмаған. Алайда облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов тергеуге, сотқа берген көрсетпесінде «Қ.Ысқақовтың тапсырмасымен облыстағы 2000-нан астам мемлекеттік қызметкердің бір күндік жалақысы «Сыр мейірімі» қоғамдық қорына аударылды» – деген. Бұл көрсетпенің ешқандай шындыққа жанаспайтыны іске тіркелген 2019 жылдың 25 маусымдағы жиналыс хаттамасы дәлел бола алады. Жиналыста бұл мәселені қозғаған, яғни жиналған ақшаны тікелей Арысқа емес, аталмыш қорға аударуды ұсынған Р.Рүстемов екені хаттамаға жазылған. Сонымен қатар, ол факт куәгерлердің көрсетпелерімен де қуатталады.

– Сонда ақшаны қорға аудару туралы тапсырманы кім берген?

– Экс-әкімге қатысты бұл оқиға «жәбірленуші» статусы берілген «Сыр мейірімі» қайырымдылық қорының директоры Абдрахимова Сапураның 2020 жылдың 26 наурызында тергеу жүргізген органның, яғни Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің тапсырмасымен сол кездегі Қызылорда облысының әкімі Қуанышбек Ысқақовтың қабылдауына кіруінен басталады. Әкімнің алдына диктофонмен кірген Абдрахимова екеуара әңгімесі түгел таспаға жазып алған. Ол таспа сот залында тыңдалып, дәлелдеме ретінде зерттелген. Таспадағы жазбаға сүйенсек, облыс әкімі Қ.Ысқақов С.Абдрахимованы заңгерімен бірге қабылдайды. С.Абдрахимова қорға аударылған 80 млн теңгені (бір күндік жалақы мөлшері) 20 миллионнан төрт құрылыс компаниясына құжатсыз аударғанын алға тартып, енді қаражатты салғанын қалай дәлелдейтінін айтып, «көмек» сұрай келген адамның образын ойнайды. Оның «қылмыстың торға түсіру» мақсатында келіп отырғанын бейхабар Қ.Ысқақов мырза алдына «қиналып» келіп отырған Абдрахимоваға таза адамгершілік тұрғыда жанашырлық танытып, кеңес берген. Бұл тайға таңба басқандай көрініп тұр.

– Аталған төрт құрылыс компаниясы туралы ақпарат берсеңіз. Арыс округасына ол компаниялардың қандай қатысы бар?

– 2018 жылы Түркістан облысының құрылуына байланысты Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен әр облысқа Түркістан қаласында бір нысанның құрылысын жүргізу міндеттелгені белгілі. Осыған орай, Қызылорда облысы да жаңадан құрылып жатқан көршілес облыс орталығының көркеюіне өз үлесін қосу мақсатында Түркістан



Ләззат КЕНДЕБАЙҚЫЗЫ, адвокат:

қаласында «Шығыс моншасы» құрылысын бастайды. Қ.Ысқақов Абдрахимованың Арысқа жиналған ақшаны осы моншаны салып жатқан құрылыс компанияларына ешқандай құжатсыз аударып жібергеніне таң қалады. «Кім тапсырма берсе де, басыңыз екеу емес қой. Неге құжатсыз жібересіз? Құжат талап етпеңіз бе?» – деп, шыр-пыр болады. Сонымен қатар, Абдрахимоваға заңсыз аударылған қаражат туралы құқық қорғау органдарына арыздануға кеңес береді. Айыптау актісінде, сот үкімінде айтылғандай, 80 млн теңгені өзі «жеп» отырған адам органға өзінің үстінен шағым жаз дей ме? Бұл қандай қисынға келеді? Өзі жеп, өзі тапсырма берген әкімнің артынан кінәлі тұлғалардың үстінен құқық қорғау органдарына арыз түсіруге кеңес беруін қалай түсінуге болады?

– Іске тәуелсіз сарапшылар тартылған болар, олар не дейді?

– Иә, сотқа тәуелсіз сарапшылардың да қорытындысы ұсынылады. Аудиторлық сараптама қорытындысында 80 млн ақшаның «Сыр мейірімі» қорынан түгелімен төрт құрылыс компания шоттарына аударылып, одан ары қарай, нысаналы мақсатта жұмсалғаны анық айтылған. Алайда, сотталушылар тарапынан ұсынылған дәлелдемелердің бірде-біреуі сотта назарға алынбаған.

– Іс материалдары бойынша экс-әкімнің ол ақшаға қатысы жоқтығын

дәлелдейтін тағы қандай негіздер бар?

– Іс материалдарына сәйкес, «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Әлнарарова облыс әкімі

орынбасары Қуанышбек Ысқақовтың тарапынан ешқандай тапсырма берілмегендігін растады. 2020 жылдың 4 сәуірінде «Бағам Аудит» аудиторлық компаниясының нақты қорытындылары туралы есебімен және осы жылдың 6 мамырындағы №908 сот-экономикалық сараптама қорытындысымен «Сыр мейірімі» қорынан 4 кәсіпорынға аударылған қаражаттың Қызылорда облысы атынан Түркістан қаласында салынған «Шығыс моншасына» жолданғаны нақты анықталған. Тергеу амалдары мен сот процесі басталған сәттен бастап, іске қатысты қай куәдан жауап алынса да Қуанышбек Ысқақовтан ешқандай да тапсырма болмағандығын мәлімдеген.

– Бұл тапсырма сонда кімнен түскен деп ойлайсыз? Бұған қатысты күдік тудыратын жағдайлар бар ма?

– Заңсыз тапсырма облыстағы құрылыс басқармасының бұрынғы бас-

сетілмдеріне бүкіл қылмыстық істің схемасын ыңғайлап келтіріп отырғандары іс материалдарында анық көрініп тұр. Іс материалдарын зерттей бастасаң, осындай жауабы жоқ сұрақтар алдыңнан шыға береді. Сол секілді қор директоры Абдрахимованың төрт мекемеге аударған қаржының игерілуін растайтын құжаттарды жазбаша да, ауызша да сұраппағаны түсініксіз. Оны сот тергеуі барысында үш мекеме басшысы А.Ерназаров, С.Садықов, Р.Иманова да толығымен растайды. Яғни Абдрахимова өзі ақымақтықпен не басқалай себеппен құжатсыз аудар салған қаражат үшін қорықса да, қор мен төрт мекеме арасында туындаған мәселені азаматтық іс тәртібімен шешу үшін ешқандай әрекет жасамаған.

Екінші басты мәселе – Ысқақовтың Арысқа жиналған ақшаны «Сыр мейірімі» қорына аударуға тапсырма бергені туралы не бір телефондық

# «БҰРЫНҒЫ ӘКІМГЕ ҚАТЫСТЫ ІСТЕ ДӘЛЕЛ ЖОҚ»

**ЫСҚАҚОВТЫҢ АРЫСҚА ЖИНАЛҒАН АҚШАНЫ «СЫР МЕЙІРІМІ» ҚОРЫНА АУДАРУҒА ТАПСЫРМА БЕРГЕНІ ТУРАЛЫ НЕ БІР ТЕЛЕФОНДЫҚ ДЫБЫСЖАЗБА, НЕ БІР РЕСМИ ҚҰЖАТ ЖОҚ, СОНЫМЕН ҚАТАР, БІРДЕ-БІР ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ, «ОНДАЙ ТАПСЫРМАНЫ НАҚТЫ ЫСҚАҚОВ БЕРДІ» ДЕП АЙТПАҒАН. ӘРІ ЭКС-ӘКІМНІҢ АҚШАНЫ ЖЫМҚЫРҒАНЫ ТУРАЛЫ ДА БІРДЕ-БІР РЕСМИ МӘЛІМЕТ ЖОҚ. ЕҢ ҚЫЗЫҒЫ, ТӨРТ МЕКЕМЕГЕ АУДАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ ЕШКІМ ШЕШІП АЛМАҒАН. ОЛ СОЛ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ШОТЫНДА ТҮР. БҰЛ АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА АНЫҚ КӨРСЕТІЛГЕН. ТОҚ ЕТЕРІН АЙТҚАНДА Қ.ЫСҚАҚОВТЫҢ 80 МИЛЛИОНҒА ҚАТЫСЫ ЖОҚТЫҒЫ ІСТЕГІ БАРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРМЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН.**

аппаратының сол кездегі басшысы М.Делмұхановқа Арыс қаласының әскери бөлімінде орын алған төтенше жағдайға байланысты Қызылорда облысы тарапынан қаржылай қолдау көрсету мақсатында облыс бойынша барлық мекеме қызметкерлерінің бір күндік жалақысын аудару туралы 2019 жылдың 25 маусымындағы №SQ-1212-19/318 санды хатын жолдайды. Былтыр 25 қарашада өткен сот процесінде А.Әлнарарова 25 маусымда Қызылорда облысының әкімі Қ.Ысқақовтың емес, оған дейінгі әкімнің болғанын және облыс әкімінің

кен. Мәселен, облыс әкімінің сол кездегі орынбасарлары Р.Рүстемов, М.Делмұханов, бұрынғы құрылыс басқармасының басшысы М.Алсериков, кәсіпкер Ж.Исқақов болған жағдайды «белгісіз себептерге байланысты» нақты баяндаудан жалтарып, жауаптарын сан мәрте өзгертенін іс құжаттарынан көруге болады. Қ.Ысқақов өзінің кінәсіздігін объективті дәлелдердің жиынтығымен дәлелдеген сайын, іске қатысушылар өздерінің көрсетілімдерін бірден өзгертіп жіберетіндері, ал тергеу органы олардың жүйесіз және тұрақсыз көр-

дыбысжазба, не бір ресми құжат жоқ. Сонымен қатар, бірде-бір іске қатысушы, «ондай тапсырманы нақты Ысқақов берді» деп айтпаған. Әрі экс-әкімнің ақшаны жымқырғаны туралы да бірде-бір ресми мәлімет жоқ. Ең қызығы, аударылған қаражатты ешкім шешіп алмаған. Бұл аудиторлық тексеру нәтижесінің қорытындысында анық көрсетілген. Ток етерін айтқанда Қ.Ысқақовтың 80 миллионға қатысы жоқтығы істегі барлық материалдармен дәлелденген. Жалпы біреуді кінәлі деп танып, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін – бұлтартпас айғақ, нақты факт керек. Заңнама нормаларының ең басты қағидасы – осы. Сот үкімі нақты дәлелдерге сүйеніп шығарылу керек. Долбармен, жобамен, дәлелсіз адам тағдырын шешуге болмайтыны – халықаралық заңдармен де, өз заңдарымызбен де тайға таңба басқандай бекітілген.

– Сот үкіміне апелляциялық шағым берілді ме?

– Әрине, берілді. Биылғы жылдың 4 ақпанында Қызылорда облыстық сотында Қызылорда қалалық № 2 сотының 10 желтоқсанда шығарған үкіміне берілген апелляциялық шағым қаралады.

– Іс түйінінің дұрыс шешілуіне тілектеспіз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

## ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

Қоғамдық қатынастарда маңызды орын алатын институттардың бірі – құқықтық мәдениет. Соған орай құқықтық сауатты көтеруді ерекше екіпін түсіріп айтуға болады.

Қазіргі қолданыстағы заңнама ережелерді, жаңашылдықтарды түсіндіру, тұтынушылардың өз құқықтары мен мүдделерін біліп, оларды өзін қорғай алатын дәрежеге жеткізуді қамтамасыз ету, үлгі-өнеге беретін, жақсы қасиеттердің қандай болуы керек екенін көрсетуге сүбелі үлес қосатын туындыларды кеңінен насихаттау сауаттылықты тереңдетіп қана қоймай, заңды құрметтеуге, оны бұлжытпай сақтауға жетелейтіні сөзсіз.

Әрбір адам құқық жөніндегі мағлұматтармен,

ақпараттармен танысудың мүмкіндіктерін пайдаланып, жан-жақты дамыған тұлға ретінде оқу, білімге құштар болуы тиіс екені айдан анық. Бүгінде құқықтық мәдениеттің таяздығынан қоғам мүшелері бір-бірінің мүддесіне нұқсан келтіріп, әртүрлі құқық бұзушылықтардың орын алуына жол беріп отыр.

Мұндай келеңсіздіктер қандай себептерге байланысты туындайды? Менің ойымша, мұның басты себебі адамдардың құқықтық мәдениетінің төмендігімен, өз мүддесіне селқос қарауымен байланысты. Уақыт талабы жан-жақты дамып, жетілген, сауатты да салауатты, бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыруды мақсат етеді. Сон-

дықтан азаматтардың алған білігі мен дағдыларын жетілдіру – маңызды мәселе.

Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшісінде мамандар үшін тоқсан сайын құқықтық оқу өткізіледі. Оқыту семинарлары барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген толықтырулар мен өзгерістер түсіндіріледі. Себебі, сотқа қызмет ететін мамандар өзінің ғана құқығын біліп қоймай, өзгелердің де сауатын ашуға, көмек сұрағандарға жол көрсетуге міндетті.

Нұртай СМАҒҰЛОВ,  
Ақмола облысы бойынша  
Соттар әкімшісінің жетекші маманы



### МЕДИАЦИЯ – МӘМІЛЕ АЛАҢЫ



«Елдестірмек – елшіден...». Дауласқан адамдарды бітімгершілікке келтіруде кемеңгер би-шешендердің маңызды рөлге ие екендігін дана халқымыз осы бірауыз сөзбен-ақ анықтап берген.

Иә, шынымен де ертеде қазақ қоғамындағы жер дауы, жесір дауы секілді даулар ақсақалдардың араласуымен әділ шешіліп, бәтуәлі бітімгершіліктің көмегімен ердің құны кешірілгені тарихтан белгілі. Мұның өзі қазақ жерінде татуластыру дәстүрінің ежелден қалыптасқанын көрсетеді.

Қоғам болған соң түрлі мәселелер, түйткілдер орын алмай тұрмайды. Ондай мәселелерді сауатты, салиқалы, байыптен шешудің оңтайлы жолы сот процестерінде татуластыру рәсімін кеңінен қолдану болып табылады. Осы ретте, елімізде даулы мәселені оңтайлы шешудің баламалы тәсілі ретінде медиация институты енгізілді. Сол уақыттан бастап елімізде істердің басым көпшілігі медиация көмегімен шешіліп келеді.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Медиацияға жүгінгенде екі жақтың да мүддесін қамтитын шешім қабылданады. Түптеп айтқанда, медиацияны дауласқан тараптарды келісімге келтірудің ізгілікті жолы деуге

болады. Бұл дауды өзара бітімгершілікпен шешетін бұрынғы билер дәстүрінің заңды жалғасы. Тек билер ретінде істерді шешуге кәсіби медиаторлар мен кәсіби емес медиаторлар қатысады.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде медиация рәсімі кеңінен қолданылуда. Себебі, дауларды сотқа дейін шешудің тиімділігі іс жүзінде дәлелденген. Мәселен, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында 2020 жылдың 12 айында 329 іс өндірістен тоқтатылды, оның ішінде бітімгершілік шартпен – 27, медиациямен – 102, партиципативтік рәсім тәртібімен – 1 іс. Медиаторлар қатысуымен 102 азаматтық іс қаралған.

Бүгінге дейін қоғамда дауды тек сот арқылы шешуге болады деген түсінік қалыптасқан. Дегенмен, сотқа жүгінгеннің өзінде, әр адам татуластыру тетіктерін жете түсініп, дауды өзара бітімгершілікпен шешуге талпынуы қажет деп есептеймін.

Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,  
Қызылорда облысының мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық сотының судьясы



САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

# ЕКПЕ САЛДЫРУ ЕРКІҢІЗДЕ

Былтырдан бері әлемді жайлаған коронавирус індеті Қазақстанды да қатты шарпығаны белгілі. Талай жанның өмірін жаламаған тәжтажалмен күрес жолында халыққа вакцина егу бүгінгі таңдағы басты мәселеге айналған. Әлеуметтік желілерде халыққа ұсынылып отырған вакцинадан адам өміріне келер қауіп пен залал туралы ақпараттар желдей есуде. Мұның өзі жұртшылықты сенімсіздігі күшейте түскендей. Шынығында, корона-вирусқа қарсы екпе қауіпсіз бе, ол қандай, қашан, қайда және кімдерге салынады?

адам вакцина алады. Сәуір айында мектеп-интернаттар, балалардың мектепке дейінгі мекемелері педагогтары, студенттер және созылмалы аурулары бар адамдарға екпе егіледі. Мамыр айында Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері вакциналаудан өтеді. Бесінші кезеңде балалардың жабық мекемелерінің қызметкерлері және созылмалы аурулары бар адамдарға екпе салынады. Алтыншы кезеңде қалған адамдар вакцина алуы тиіс.

«Екпе ақылы бола ма?» деген сауалға ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Марат Шоранов жауап берді. «Вакцинаны нарыққа шығару мәселесі нақтыланған. Ақпанда 90 мың доза, наурыз айында 150 мың доза, келесі айларда 600 мың доза шығарылады. Сәуір және мамыр айларында вакцина халықтың басым бөлігіне қолжетімді болады. Бұл міндетті медициналық сактандыру есебінен жүзеге асырылады. Яғни, вакцина тегін болады. Үкіметтің қорынан қаржы бөлінеді. Сөйкесінше, адамдарға вакцинация тегін болады. Бұл Қазақстанның барлық азаматтарына қатысты», – деді М.Шоранов.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап ҚР-да Ресейде шығарылған Гам-КОВИД-Вак («Спутник V») вакцинасын пайдалана отырып, КВИ-ға қарсы вакцинация басталады. Одан әрі 15 ақпаннан бастап вакцинациялау процесіне Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген Гам-КОВИД-Вак вакцинасы қосылатын болады. 2021 жылдың екінші тоқсанынан бастап вакцинациялау процесіне отандық QazCovid-In препаратын қосу жоспарланып отыр, бұл вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтардың 3-ші кезеңінен өтуде.

Екпе алғандардың барлығы да дәрігердің бақылауында болады. Вакцина салдырғандар үшін электрондық паспорт әзірленген. Ол тікелей eGov Mobile мобильдік қосымшасында қолжетімді болады. Паспортқа азамат туралы, ол алған вакцинаның түрі, кезеңі, екпеден кейінгі бақылау туралы ақпарат қамтылады.

Бүгінгі таңда өзектілігі артып тұрған бұл мәселеге қатысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың күні кеше ғана өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында қазақстандық вакцинаны салдыратынын мәлімдеуі көпшілік көкейінде уағалан күдікті сейілте түскендей. Вакцина қабылдауда ел денсаулығының қауіпсіздігіне баса назар аударған Мемлекет басшысы: «Кейбір арандатушылық ақпараттарда айтылғандай, вакциналау дегеніміз ешкімге күштеп вакцина салу емес» – деп нақты айтты.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың Үкімет отырысында мәлімдегеніндей, Қазақстанда вакциналау 6 кезең бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде медицина қызметкерлері, екінші кезеңде педагогтар, яғни 150 мың

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексінің 77-бабының 18-тармағы бойынша кез келген медициналық процедура, оның ішінде вакцина қабылдау да адамның өз еркімен, саналы түрде келісім бергенде ғана салынады. Қазақстанда вакцина қабылдаудан бас тартқанға ешқандай әкімшілік және қылмыстық жауаптылық жоқ. Кез келген қысым жасаушылық заңсыздық болып табылады. Вакцинаны ережеге сай 18-60 жас аралығындағылар ғана өз еркімен қабылдайды, ал балаларға вакцина салынбауы тиіс.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

**Р.С. Жаңадан сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаның екпе мәселесі жөнінде қузырлы тұлғаларға депутаттық сауал жолдағаны белгілі болды.**

**А.СЫДЫҚОВ,**

**Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы**

# ЖАРНАМА

**4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақиятанарық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының баз лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

**1. Лауазымдық міндеттері:**  
Қолданыстағы заңнамалар және ғылыми-зерттеу, құрылыс, реставрациялау, конструкторлық, технологиялық, жобалық және іздестіру ұйымдары, ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік-шаруашылық қызметтері туралы тәртібі негізінде олардың бейніне сәйкес келетін ғылым және техника салаларында экономикалық және озық жобалар, бұйымдар, технологиялар құруда жаңа нәтижелер алу, экспорт және импорт өнімдерінің орнына қолдануды ұлғайтатын, тез сатылып алынатын әзір-мелелер, оларды экономикалық қызметтер түрлерінде тезірек игеру, кіші және орта ғылымды қажетсіну өндірістерін құруға ықпал ету арқылы елдің ғылыми-техникалық әлеуетін нығайту және бәсекелестікке қабілетті өнімдер мен қызметтер өндірістерін ұлғайту мақсатында басшылық етеді;  
мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкіні сақтау мен тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;  
мекеменің саясаты мен стратегиясын анықтайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану, қалпына келтіру жұмысын үйлестіреді;  
жоспарлар, бағдарламалар мен жобаларды жасау мен жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет саласында олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді;  
ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;  
Қазақстан Республикасы және шет елдердің тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;  
ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау шараларын қолданады;  
директордың орынбасарларын, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілерін мен мамандары аралық қызметтің жеке-кей бағыттарын бөледі;  
шарттар жасайды және бұзбайды, мәмілелер жасайды, сенім-хаттар береді, қажетті есепті ұсынуында қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда мүлкітік мүдделерін қорғайды және оқиқатты етеді.

**2. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:**  
Қадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуға тиіс, докторлық (кандидат-үміткер) ғылым деңгейі болған жағдайда ғылыми-педагогикалық кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

**3. Біліуі тиіс:**  
1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының

Конституциясын;  
2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;  
2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасының заңдары:  
2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы»;  
2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»;  
2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы»;  
1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»;  
2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы»;  
2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы»;  
зерттеу жұмыстарын, техникалық әзірлемелерді және оларды эксперименттік тексеруді жүргізудің ғылыми әдістері, өзге ұйымдар жүзеге асыратын аралас проблемалар бойынша зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері;  
ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыру, жобалау мен жоспарлау әдістері, реставрациялық жұмыстар;  
өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау тәртібін тәртібі, өрт қауіпсіздігін талаптары.

**4. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурстің өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) конкурста қатысу туралы өтініші;
  - 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде жобаланған;
  - 3) еркін нысанда жазылған өмірбаяны;
  - 4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
  - 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнының жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмесі;
  - 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашаданғы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
- Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дайындық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылым дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.с.) бере алады.
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.
- Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 314 кабинет.
- Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-20 телефондары бойынша алуға болады.

6. ««Сәлем «Сактандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) 2019 жылғы 24 маусымнан бері Қоғамды тарату бойынша комиссиясымен, мәжбүрлі түрде таратылу процесінде және Қоғамды тарату бойынша комиссиясымен 2020 жыл ішінде тарату рәсімдері жүргізілді.

2019 жылдың желтоқсан айының аяғында уәкілетті органмен кредиторлардың талаптарын тіркеу тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) және таратылатын Қоғамның аралық тарату балансы бекітілді.

Есепті кезеңде Қоғамның меншігі сатылып, дебиторлық берешектері өндірілуіне байланысты Тізілімге енгізілген кредиторлармен есеп айырысу мүмкін болды. 2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 38 271 324,01 теңгені құрайтын кредиторлар талаптарымен толық есеп айырысу жүргізілді. Осылайша, Қоғамның кредиторлар комитетінің құрамы таратылып, өз қызметін тоқтатты. Қоғамның Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ., және Атырау мен Алматы облыстарындағы (Талдықорған қаласында 2021 жылғы 12 қаңтардағы таратуды тіркеу туралы №55 бұйрық) филиалдары тіркеуден алынды.

Бекітілген тәртіпке сәйкес, қалған дебиторлық қарызы жинау, Тізілімге енгізілмеген басқа да кредиторлармен қарыздарды және есеп айырысуларды есептеу, тарату процесі аяқталғаннан кейін құжаттарды мұрағатқа тапсыру бойынша жұмыстар жалғасады.

Қоғамды тарату процедуралары басталғаннан бастап жалпы сомасы 26 212 792,50 теңгені құрайтын дебиторлық қарыз өндірілді.

Қоғамның тарату комиссиясының жұмысына қатысты сұрақтар бойынша Алматы қ. Байтұрсынов, 122/22, 218 бөлме, мекенжайына немесе +7 701 222 4706 телефоны бойынша хабарласуға болады.»

## МҰРАГЕРЛІК

8. 01.06.2018 ж. қайтыс болған Қасымбек Жұмақұл Мырзахметұлының атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылы, Қонаев көшесі, 2/2 үй, нотариус Н.К.Өмірбайға жолығулары сұралады. Тел.: 87014561853.

9. 04.10.2020 ж. қайтыс болған мұра қалдырушы Исмаилов Фархат Бабаханович мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қ-ның нотариусы Ш.А.Тилеубергеноваға хабарлассын: Түркістан қ., Тауке хан к-сі, 246 Б.Тел. 87755080642.

КИЕ

# Барды бағалайық!

Тіл – ұлттың қазынасы. Қазақ үшін осы қастерлі ұғымның қашан да орны бөлек. Ұлттың сапасын, сипатын бүгінде туған тілінің күдіреті пен пәрменімен бағалайды. Осы ретте, қазақ тілінің мәртебесі қашан да биік, тұғыры мығым. Себебі, оны қастерлейтін ұрпағы, қадір тұтатын елі бар.

Еліміз өз егемендігін алып, іргесін кеңге жайған тұста қазақ тілінің де өркендеу дәуірлеу кезеңі басталды. Елбасы да әрбір қазақты осы құндылықты қастерлеуге, қадірлеуге шақырып келеді. Тәуелсіз ел тілімен тұғырлы. Тілдің беделін көтеру – бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Қазақ тілі – тек қазақ халқының ғана тілі емес, осы мемлекетті мекендеуші кез келген ұлттың білуге, құрметтеуге тиіс дүниесі. Тілді құрметтегені – жергілікті халыққа деген құрметі.

Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте, – деп Қадыр ақын бекер айтпаған. Сондай-ақ қазаққа «Жеті түрлі ілім біл, жеті елдің тілін біл» – деген қағида бар. Өзге ұлттың тілін менгеру артықшылық, ал өз тілін қастерлеу парыз. Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсе де осы. Өзінің ана тілін ұмытқан жұрттың өзі де тарих бетінен ысырылады, өшеді. Ұрпағы ұлттық қасиетінен айырылып, тілін білмейтін дубара ұрпаққа айналады. Сондықтан бізге қазақ тілін көзіміздің қарашығымыздай қастерлеу қажет.

**А.СЫДЫҚОВ,**

**Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы**

## ТАРАТУ

10.»АИКО Company» ЖШС, БСН 060540005217, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 030000, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 2 үй, кеңсе 36. Талап-шағымдар 2021 жылдың 30 қаңтарынан 2021 жылдың 30 наурызына дейін қабылданады. Тарату комиссиясы құрамының нөмірлері: 87785052178, 87769768345.

11. «Международный Аэропорт Караганда» ЖШС, БСН 121140003629, өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады. Қазақстан, 100422, Қарағанды облысы, Үштөбе ауылдық округі, Үштөбе ауылы есептік квартал 067, 25-ғимарат және Қазақстан, 100000, Қарағанды қ. 38 а/ж. Қосымша ақпарат +77057510014 телефоны бойынша.

## ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ**

**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.**

**ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58, 87474282610 Райымбек.**

## ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

**«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМАРЫНА** хабарламаларды енді біздің zangreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

**Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)**

**ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА**

**«Заң газеті» және «Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престіж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: **87015728847.**

## ӨРТУРА

2. ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 86 мекенжайында орналасқан «Востокмашзавод» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Қоғам) Қоғамның Директорлар кеңесінің бастамасымен 2021 жылғы 1 наурызда сағат 10.00-де ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 86 мекенжайында Қоғамның конференц-залында акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына «ВМЗ Инвест» ЖШС-нің директоры Гегай Денис Леонидович сайлау.
- Жиналыс өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 48-бабымен реттелген.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімі 2021 жылғы 24 ақпанда жасалады.

Акционерлер күн тәртібіндегі мәселелердің материалдарымен Қоғамның атқарушы органы орналасқан жоғарыдағы мекенжайда таныса алады. Жиналыс қатысушыларын тіркеу жиналыс өткізілетін мекенжайда 2021 жылғы 1 наурызда сағат 09.00-де басталады. Қворум жиналмаған жағдайда жиналыс 2021 жылғы 2 наурызда сағат 10.00-де сол мекенжайда сол күн тәртібі бойынша қайталан өткізіледі.

7. «Kompetenz «Сактандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) 2020 жылғы 15 қаңтардан бері Қоғамды тарату бойынша комиссиясымен, мәжбүрлі түрде таратылу процесінде және Қоғамды тарату бойынша комиссиясымен 2020 жыл ішінде тарату рәсімдері жүргізілді.

2020 жылдың 15 маусымы айының аяғында уәкілетті органмен кредиторлардың талаптарын тіркеу тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) және таратылатын Қоғамның аралық тарату балансы бекітілді.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша:

- 1) жалпы сомасы 255 852 776,15 теңгені құрайтын Тізілімге енгізілген кредиторлар талаптарымен толық есеп айырысу жүргізілді;
- 2) 17 аймақтағы филиалдары тіркеуден алынды.

Қоғамның тарату комиссиясының жұмысына қатысты сұрақтар бойынша Алматы қ. Бөгенбай батыра, 176/48, мекенжайына немесе 8 (727) 227-31-67 телефоны бойынша хабарласуға болады.

3. «Marino Madi» ЖШС, БСН 080440015829, барлық мүдделі тұлғаларды серіктестік Жарғылық капиталының азайтылғаны туралы хабарлар етеді. Барлық талаптар: қосымша кепілдіктер не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және зияндыларын орнын толтыру жазбаша нысанда келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Аль-Фараби даңғылы, 7 үй, 122 пәтер, байланыс телефоны: +7 777 819 78 71, электрон поштасы: sunkar\_06@mail.ru.

5. Павлодар облысының МАЭМ-ның 31.12.2020 ж. ұйғарымымен «ГаммаТалдықолы»ЖШС-не, БИН 130440011174, қатысты банкрот деп тану туралы іс қозғалды.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-29-27,  
292-40-89,  
факс: 8 (747) 428-26-10

E-mail:  
zangreklama@mail.ru  
zangreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**«KAIIROS» ЖК**, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**ЖК «Қандыбаева»**, Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73  
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қылысы, 208 кеңсе.

**Арлан-консалтинг ЖШС**, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме.  
Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

**«GoldKapital» ЖК** Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

**ЖК «ТTrade and service»**, Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

**ЖК «Gold Capital»** Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

**«Грация» ЖШС**, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС**, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК**, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС**, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА)**, директоры Криволюва Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

**«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Компания Жете» ЖШС**, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.**, Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.** Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева**, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия**, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Service»**, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»**, Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

– Мен сізге ештеңе айта алмаймын, берекемді қашырмай жайыма қалдырыңыздар. Сіздерге арыз жазған да, шағымданған да жоқпын. Мазамды алмаңыз! – деп аурухана кереуетінде жатқан жігіт көзін жұмды.

– Ернар тыңда, – деді Арман оған тіке қарап – Сен шағымданбасаң, ата-анаң келді. Соларды неге ойламайсың? Өзің үшін өлуге дайын адамдарға жаның ашымайтыны қалай? Тіпті олар арызданбаса да адамға оқ атып жаралау – ауыр қылмыс. Сен жасырғанмен, біз ол адамды табамыз. Жазадан қашып кетпейсің.

– Мен сізге таза қазақша айттым ғой. Мылтық кездейсоқ атылып кетті. Сол себепті мен жараландым. Қаруға дұрыс қарамаған өзім кінәлімін. Ешкімге қояр талабым жоқ.

– Сосын жүгіріп барып жолға құладым дейсің, – Арман аздап дауыс көтере сөйледі – Жұрттың бәрін ақымақ көресің бе? Сен осы бізді кім деп ойлайсың? Қару өздігінен қалай екі рет атылады? Егер оқ бір рет атылса сөзіңе сенуге болар еді. Онда да сен қасында тұруың қажет. Ту сыртыңнан, бірнеше метр қашықтықтан атылып, оқ жауырыныңнан және саныңнан тиіп отыр. Дәрігерлердің біліктілігінің арқасында, ота жасалып өмірге қайта оралды. Мылтық қайда? Біз қылмыс болған жерден таппадық. Тағы бір сұрағым неге өзіңнің көлігіңе қарай жүгірмей, асфальт жолға қаштың. Мылтық өздігінен атылса адам олай етпейді. Бала емессің, ақыл тоқтатқан жігітсің. Өмірің әлі де қыл үстінде тұр. Неге ақылға келмейсің? Қашқан бойы жолға жетіп үлгермегеніңде, келе жатқан көлік тоқтамағанда ендігі мына жерде жатпаса та едің. Қылмыскер тірі қалғаныңды білсе қайтып келіп көзінді жоюы мүмкін...

– Ол мылтықтың қайда екенін мен білмеймін! Инспектор мен біреуден қашқан жоқпын, қиялы ойға кетпеңіз. Өңгіме бітті! Сізге басқа айтарым жоқ! Шығыңыз, босатыңыз палатаны! Дәрігер қайдасыз? – деп Ернар дауыстаған соң Арман амалсыз орнынан тұрды.

### Қылмыскер кім?

Осымен екі рет келген тергеуші бір нәрсені түсіне алмады. Ол – Арманның қылмыскерді жанын сала қорғаштауы. Неге? Мұнда қандай жасырын сыр бар? Өзін өлтірмеген болған адамды ұстап бермейтіні несі? Бұл кеше қылмыс болған жерді түгел қарап шықты. Табылған гильзаны сараптамаға жіберді. Шөп үстіне тамған қан асфальт жолға қарай созылып жатыр. Демек, жәбірленуші соған дейін жүрген. Біреу қару кезеңбесе ол неге қашады? Қылмыс болған жерден табылған тағы бір айғақ биік өкшелі туфли. Ернардың ол жерге көлікпен барғаны да бұған мәлім. Көлігі орман шетінде қалған. Қасында екінші көліктің де ізі жатыр. Сонда бұл жігіт кімдермен кездесіп қалды? Жанында болған қыз кім? Жартылай ішілген сыра, ашылмаған сусын шөлмеңкелері жатыр. Табылған айғақтың бәрі кол таңбасын алуға сараптамаға жіберілді. Шөп жапырылуына қарағанда жерге әлдебір төсеніш төсеген тәрізді. Ол жок. Кім әкетті? Ернардың көлігінде де пакетке салынған азық-түліктер тұр. Сірә, оны қыз ала шықса керек. Бірақ, қылмыс болған жерге жеткізіп үлгермеген. Екеуі табиғат аясында жақсылап демалуды ойлаған. Екінші көліктегі кімдер? Қашан келді?

### Қуә

Жігітті құтқарып қалған жүргізуші мандытып ештеңе айта алмады. Қылмыс орын алған жерге жақындап қалғанда тарс еткен мылтық дауысын естіген. Құс, аң атып жүрген біреулер шығар деп мән бермеген.

– Қазір тамыз айы, құстың семіретін мезгілі, – деді ол тергеушімен әңгімесінде – Сол себепті аңшылар шығар деп ойладым. Анау жігіт қанға боялған күйі жолға жүгіріп шығып, көлігінің алдына құлағанда урейім ұшты. Күн бата бастаған уақыт болған соң бастапқыда шайтан екен деп қалдым. Тоқтадым. Тар жолда айналып кете алмаймын ғой, үстінен таптап өтпесем. Артыңша айқайлаған дауыс шықты. Одан бетер қорқып, тұла бойым дірілдеп кетті. Құдайға сыйынып, жолға құлаған жанға жақындап барып, аударып қарасам жап-жас жігіт. «Аға! Көмектесіңізші», деп орман жақты

нұсқады. Алайда, ол жерден ешкімді көрмедім. Не айтқысы келгенін түсінбедім. Дереве жігіттің арқа жағынан сүйеп, екі қолтығынан ұстап сүйірелеп, көлігіме салып ауруханаға жеткіздім. Егер сол жерге тастап кетсем, кейін ар-намысым мазалап, жанымды қоярға жер таппас едім.

– Сіз жаңа орман жаққа қарадым дедіңіз ғой. Сонда оғаш ештеңе байқаған жоқсыз ба? Жарық немесе адам сұлбасы.

– Шындығына келсек, мен ол жерде көп қалуға қорықтым. Өлгі жігітті қанжоса қылғандарға кезікпей тұрып, тезірек

алатын күні бір жігіт оның алқызыл раушан гүлдерін сатып алып жатқанын көрген. Сұраған екен, жігіт күліп: «Анама алдым», дей салған. Оның сөзін гүл сатушы әйел де растады. Алайда, анасына апармаған. Тағы бірі көлігімен келе жатқанын, ішінде әлдебір қыз отырғанын байқапты. Арман көліктің жүріп өткен жерлерін бейнекамералар арқылы тексеріп қарады. Иә, көлік оған түсіпті. Бірақ, ішіндегі қыздың бейнесін анықтау мүмкін болмады. Ол қаладан өткенше көлікте отырған. Сараптама жасалғанда қыздың туфлиі

қыздың, екінші күні жігіттің үйінде өтеді. Үшінші күні жүрген шығар келін шайын ішіп. Келмей жатса полицияға хабар береміз. Әзірге елді дүрліктіргенді қаламаймыз, – деді зілді үнмен.

Тергеуші бұл адамдарға орын алған қылмысты айтып, сұрақ қойып еді, еш нәтиже шықпады. Қыздың телефон нөмірін жазып алып, соңғы рет кімге қонырау шалғанын анықтатты. Ол сөйлескен басқа да нөмірлер бойынша хабарласып, қасына учаскелік инспекторды ерткен Арман Қарлығаштың құрбыла-

нен төмен санаған. Бір рет екеуін бірге көргеннен соң қызға қатаң тыйым салған. Осыдан кейін әкі қашық жасырын кездесе бастаған. Алайда, мұны біреулер байқап қалып ағасына жеткізген. Үйдегілер бұған тағы да қатты сөйлесе де, қыз бәрін жоққа шығарған. Сол күні Ернар орман ішіне барып, екеуара көңіл көтеруді ұсынады. Қарлығаш қорықса да айтқанына көнеді.

– Егер «Романтикалық кеш» ұйымдастырамын, тек екеуіміз боламыз», дегеніне келісе салмағаныма мұның бірі де болмайтын еді. Бәріне мен кінәлімін. Енді сол ағаттығымның кесірінен сүйгенім азап шегіп, екі ағам сотталады, – деді қыз солқылдай жылап – Неге алды-артымды ойламадым? Біз бәрібір қосылуға бел бұғанбыз. Ернар: «Үйіндегілер көнбесе, алып қашып кетемін», деген. Ол үлкен ағамның досы. Үйімізге жиі келіп жүргенде таныстық. Мен оны шексіз сүйемін. Алайда, әкем де, ағаларым да онымен байланысыма қарсы болды. Сол күні біз орманға барысымен артымыздан екі ағам жетті. Андып жүрген немесе біреу айтқан шығар. Келген бойда екеуі жігітіме жабылды. Не істерімді білмей қалдым. Орталарына түсіп едім, екінші ағам бір шетке итеріп жіберді. Құлап түсіп, жылап отырдым. Ернар мықты жігіт қой, әл бермеген соң үлкен ағам қолыңдағы мылтығыңның дүмімен ұрып құлатты. Мен ұшып тұрып оның қолыңдағы қаруға жармастым. Осы кезде орнынан тұрған Ернарға екінші ағам ұмтыла берді. Жылаған күйі үлкен ағамның қолыңдағы мылтыққа жарма-сып, алысып жүргенімде оқ оқтаулы екен, байқаусызда атылып кетіп, оқ жігітімнің иығынан тиді – деп, солқылдап жылап жіберді.

– Жылай бермеңіз! Мә, су ішіп алыңыз. Одан әрі не болды?

– Ернарға тұра жүгірген едім, үлкен ағам айқайлап жібермеді. Сол кезде екінші ағам жерде жатқан мылтықты оқтап: «Аға сен қарындасым екеуің кінәлі емессіңдер. Бәрін өз мойныма аламын», – деп айқайлап жігітке қару кезенді. Жігітім қансырап күйі асфальт жолға қарай қашты. Үлкен ағам тоқтатқанша мылтық екінші рет атылды. «Ернар», деп айқайладым да есімнен тандым. Содан бірнеше күннен бері ұйқамақта отырдым. Телефонымды тартып алды.

### Мойындау

Қарлығаштың үлкен ағасы мылтықты Ернарды өлтірейін деп алып шықпаған екен. Құс атуға барғалы жатқанда, қыздың жігітпен бірге орманға қарай кеткенін дүкеннен қайтқан көршісінен естіген. Ашуы басқа шауып, інісін ертіп көлігіне отырған. Қойылған сұраққа: – Ол жігітті қалай сүйіп қалғанын, несіне қызыққанын білмеймін. Ернар екеуіміз жақсы дос болдық. Оның қарындасыма ойы барын білгеннен кейін арамсыз суыды. Қарлығаш үйдің кенжесі, бетінен қақпай, ештеңенен мұқтажыңды көрсетпей өсірген ерке қыз. Қайдағы бір қарабайыр жігітке емес, өзіміз сияқты дәулетті адамға күйеуге шығып, қолың жылы суға малып отыруы керек еді. Адам өлтірейін деген ниетім болған жоқ. Біз Ернарды жақсылап қорқытып қойғанды жөн санадық. Өзіндік менің орныма қойып қараңызшы. Жек көретін адамыңыз қарындасыңызды орманға онша алып кетсе қайтер едіңіз? Мылтықты ол жерге апарған себебім жоғары қаратып атып: «Енді қарындасыма жоласаң, оқты саған бағыттаймын», деп сескенткім келген. Бәрі трагедияға айналып кетті. Кінәлімін, қылмысымды мойындаймын. Ең бастысы ол тірі қалды ғой. Қылмыс жасасам да, адам қанын мойныма жүктеген жоқпын. Егер өлтірейін деп ойлассақ сол жерде оны жүзеге асыра алатын едік, – деді.

Қыздың екінші ағасы да осыған ұқсас жауап берді. Арман жігіттің қылмыскерлердің атын неге атамағанын енді түсінді. Сүйген қызының бауырлары сотталып кетеді деп ойлаған. Тек соның көңілі үшін оның ағаларын да кінәлі етіп шығарғысы келмеген. «Тірі қалдым, әдейі жасалған қастандық емес», деп арызданбаған. Бірақ, занын өз өлшемі бар. Содан сәйкес қыз кінәлі деп табылмағанымен, екі ағасы жауапкершіліктен құтыла алмады.

Қанат ҒУМАРОВ,  
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ,  
АТҒАРАУ ОБЛЫСЫ.

# Махаббат құрбаны



кетуге асықтым. Олар мені де өлтіре салудан тайынбайды ғой.

– Айтуыңыз орынды, – деді Арман – Нағыз қылмыскерлер құрбандығын да, куәгерді де тірі қалдырмайды. Демек, олар кім болса да кәнігі қанішерлерге жатпайды. Өрі көлікте сізді жалғыз емес деп ойлауы да мүмкін. Тағы бір сұрақ! Жаңа ғана әлдекімнің айқайлаған дауысын естідім дедіңіз? Ер адамдікі ме, әлде әйел дауысы ма?

– Әйел адамдікі, – деген жүргізуші сәл ойланып барып, сөзін жалғады – «Ернар», деді. Жас қыздың дауысы болып естілді. Мен кетіп қалдым ғой. Оған не болғанын білмеймін. Өз қауіпсіздігім мен қасымдағы жаралы жігітті де ойлауым керек емес пе? Құр қол қарулы адамға қалай қарсы тұрамын? Олар нешеу екенін де білмеймін. Сол жерге жасырынып андысам, көлігімді көрген соң бәріміз із-деп табамыз. Бұл үшін мені кінәламайтын шығарсындар?

– Өрине, – деген Арман тағы біраз сұрақтар бергеннен соң, қайда тұратынын, телефон нөмірін жазып алып оны жайына жіберді.

### Жұмбақ қыз

Телефон демекші жаралы жігіттің телефоны да таптырмады. Үйіндегі ата-анасы оның «Самсунг» ұстайтынын айтқан соң іздеткен, әзірге нәтиже жоқ. Ендігі мәселе қызда. Ол кім? Егер жігіттің нақсүйері болса неге іздеп келмей жатыр? Ернар араласатын жігіттерден сұраған, олар кіммен кездесіп жүргенін білмейді екен. Неткен жұмбақ жан?! Қалай десе де қыздың бұл қылмысқа қатысы бар. Егер ол тірі болса ерте ме, кеш пе бәрі анықталады. Қызды жігіттің қасынан күштеп алып кеткен. Әйтпесе туфлиі қала ма? «Оны да сараптамаға беріп тастаған, бір ілік шықса жақсы болар еді. Екі жігіт бір қызға таласып жүрді ме екен? Ернардың көлікке қызды мінгізгенін көріп, андып, арттарынан ілескен. Сосын жігітті атып, оны өздерімен әкеткен. Мұның қисыны келмейтін сияқты. Өлімнен қорықпай, оқ атқан адамды айтпай қасарысып жатқан жігіт қызды оларға бере сала ма? Сол жерде айқасып өледі ғой. Айқасып демекші оның денесіне жарақат іздері түскен, ұрып-соққан». Осылай ойлаған ол сол күні жігітті соңғы рет кімдер көргенін анықтауға кірісті.

Арман ертеңіне Ернар күнде жүретін көшелермен жүріп шықты. Қылмыс орын

бір рет жөнделген болып шықты. Осыдан үміт жібін көрген тергеуші туфлиді ұстап аяқ киім жөндейтін орындарды шарлады. Тек, кешке таман ғана бір шеберханадағы етікші өзбек қарт: – Жасым біразға келсе де есте ұстау қабілетіме өкпем жоқ. Бір ай бұрын маған осы туфлиді жөндеуге бір бойжеткен келді, – деді.

– Сіз оны сипаттап бере аласыз ба?

– Қара торы, дөңгелек жүзді, сұңғақ бойлы, қой көзді, пұшық мұрын, қара шашты, шиедей еріндері үлбіреп тұр. Өзі текті, әлеуетті жерден шыққаны үстіндегі қымбат киімінің байқалады – деген қарт сәл жымнып – «Аға!», – деді. Мына туфли менің сүйікті аяқ киімім. Бірнеше жылдан бері тастауға көзім кимай киіп келемін. Өкшесі түсіп қалды. Қағып бересіз бе?» – деді. «Шырағым-ау сен мұндай қымбат туфлидің жаңасын алмайсың ба? Оған жағдайың тартатын адам сияқтысың» дегем. «Олай етуіме болар еді, бірақ мұны кезінде анам әперген. Ол кісі қазір жоқ. Сол себепті осы туфли маған құнды нәрсе. Өзім үшін аяулы жаннан қалған асыл заттай көремін» деді. Анаң аяқ киімнен басқа естелікке құнды нәрсе қалдырмады ма? дегім келді де, көңіліне келер деп үндемей өкшесін шегелеп бере салдым. Мен аяқ киімін жөндеп болғанша қолыңдағы сыртғы сары телефоныммен әлдебір жігітпен сөйлесіп тұрды. «Қазір шығамын жаным!», деді.

### Күдік

Осылайша қыздың фотосуреті де салынды. Етікші қарт оны бірден таныды. Қазіргі технология суреті бойынша адамды тез тауып береді ғой. Қыздың есімі Қарлығаш, өз студент екенін анықтау қиынға түспеді. Алайда, ол тұратын үйге іздеп барғанда әкесі қайда екенін білмеді. Үш күн бұрын «Бір құрбым тұрмысқа шығады, соған қосшы болып ілесемін», деп кеткен. Бұлар тұрмысқа шығатын жанның аты-жөнін де сұрамапты. «Қызық адам! Жалғыз қызы үш күн бойы жоқ. Оны іздеудің, алаңдаудың орнына үйіндегілердің бәрі жайбаракат жүр». Инспектордың көңіліне күдік кірді.

Бұл сұрақты қойып еді, қыздың әкесі: – Іздемей жатқан жоқпыз, қайда жүргенін білейік деп уялы телефонына бірнеше рет қонырау шалғанбыз, көтермеді, – деді.

Үстелдің екінші шетінде отырған ағасы: – Сізге құрбысына қосшы болып ілесті деген жоқпыз ба? Той бірінші күні

рын, таныстарын, достарын түгендеді. Ешқайсысына бармаған. Күйеуге шығып жатқандары да жоқ. Қыздың әкесі, ағасы бұған неге өтірік айтты? Бәлкім қыздың өзі оларды алдап кеткен болар? Құрбылары оның жігіті барын тергеушіден бірінші рет естіп отыр. Етікші өзбек шал қыздың қолынан сыртғы сары түсті телефон көргенін айтқан. Жаңа Қарлығаштың үйіне барғанда бұл тап сондай ұялы телефонды көзі шалды. Терезе алдында тұрды. Екінші рет сол жерге бұрылып қарағанда таппай қалды. Әкесі Қарлығаштың ұялы телефонына қонырау соққанда алмағанын айтты ғой. Телефон үйде жатса қалай көтереді? Мүмкін мұның көргені отбасы мүшелерінің біреуінің шығар. Алуан түрлі ойлар байыз таптырмаған тергеуші қыздың отбасы жайлы маңайындағы көршілерінен сұрастырып көргенді жөн санады. Біле түскенін артығы жоқ. Олардың бірі бұл жанұяның айналасындағы адамдармен көп араласа бермейтінін жеткізді.

– Қарлығаш бір жігітпен кездесіп жүрді. Жігіт келгенде бұлардың үйіне жақындамай қашықтау жерде тұрады. Соған қарағанда оны қыздың ата-анасы мен бауырлары жақтырмайтын сияқты, – деді көршісі. Ол адам сипаттаған көлік Ернардікінен аумайтын болып шықты.

Жігітке қастандық жасаған қыздың ағасы болуы да мүмкін. Оған куә қызды үйден шығармай, қылмысты жасырды ма? Бай тұратындар қарапайым адамдарды өздерімен тең санап бермейді. Бірақ, «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету», дегендей қарындасын күйеуге бермей отырмайды ғой. Жасы келген қыз байлап ұстасаң да тұрмайды.

### Қастандық

Арман енді осы отбасынан күдіктеніп бақылауға алды. Учаскелік инспектор екеуі қарапайым киініп, түнделетіп қыздың үйіне келіп терезелерінен сығалады. Тып-тыныш. Кенет бір бөлменің жарығы жағылды. Терезе пердесінің сәл ашық тұсынан Қарлығаштың бөлмесінде жүзін басып жылап отырғаны көрінді. О, тоба! Әкесі мен ағасының үйде жок дегені қалай?

Ертеңіне сау ете қалған полиция қызметкерлері оқ атылған мылтықты да осы үйден тапты. Сараптама онда қыздың да, ағасының да саусақ таңбалары барын анықтады. Қарлығаш жылап отырып тергеушіге бәрін айтып берді. Қыздың үй-іші жұпыны тұратын Ернарды өздері-

#### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Қуаныш Серікжанов 8 707 889 01 33. Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Жамбыл облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Қызылорда облысы	Ерсұлтан Әмірбек 8 775 820 36 92.
Түркістан облысы	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғажан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

#### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61  
E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6019 дана**  
**Апталық таралым 12 038 дана**  
Тапсырыс №12 Индекс 65921  
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

#### Газетіміздің электронды нұсқасын [Zanmedia.kz](http://Zanmedia.kz) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-К куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31